



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулар

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулар

ҚР СТ 3049-2017

((ISO 37001:2016 Anti-bribery management systems -- requirements with guidance for use, IDT))

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

БИНИИИ: 050840002271

№ счёта на оплату: 25970

Дата выдачи: 28.11.2019

Наименование: ТОО "Национальный центр аккредитации"
Выдан документ РПТ на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

Наименование: ТОО "Национальный центр аккредитации"
Выдан документ РГП на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

Дата выдачи: 28.11.2019

БИИИИН: 050840002271

№ счета на оплату: 25970



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулар

ҚР СТ 3049-2017

((ISO 37001:2016 Anti-bribery management systems -- requirements with guidance for use, IDT))

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

БИНИИИ: 050840002271

№ счета на оплату: 25970

Дата выдачи: 28.11.2019

Наименование: ТОО "Национальный центр аккредитации"
Выдан документ РПТ на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

АЛҒЫСӨЗ

1 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2017 жылғы 16 қарашадағы № 318-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 37001:2016 «Anti-bribery management systems» (Жемқорлықпен күрек менеджментінің жүйесі. Талаптар және пайдалану бойынша нұсқаулық) халықаралық стандартымен бірдей.

ISO 37001:2016 халықаралық стандартын ISO/PC 278 «Басқарудың жемқорлыққа қарсы жүйелері» техникалық комитеті әзірледі.

Ағылшын тілінен - (en) аударылған.

Сәйкестік деңгейі – бірдей (IDT).

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңдарының ережелері іске асырылған.

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2024 жылы
5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесінде, сондай-ақ өзгерістер мен түзетулер мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (өзгертілген) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Ұйымның контексті	6
5	Көшбасшылық	7
6	Жоспарлау	10
7	Қамтамасыз ету	11
8	Жұмыс істеу	14
9	Қызмет нәтижесін бағалау	18
10	Жақсарту	21
	А қосымшасы	22
	Библиография	46

БИНИИН: 050840002271

№ счета на оплату: 25970

Дата выдачи: 28.11.2019

Наименование: ТОО "Национальный центр аккредитации"
Выдан документ РГП на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

Кіріспе

Жемқорлық дегеніміз – кеңінен таралған құбылыс. Ол күрделі моральдық, экономикалық және саяси проблемаларды тудырады, тиісті басқаруға кедергі келтіреді, дамуды кешеуілдетеді және бәсекелестікті бұрмалайды. Ол сондай-ақ әділдікті бұзады, адамның құқығына нұқсан келтіреді және мұқтаждарға көмек беруге кедергі болады. Бұндай құбылыс бизнесті жүргізуге шығынды арттырады, коммерциялық қарым-қатынасқа анықсыздық енгізеді, тауарлар мен қызметтердің құнын арттырады, оның сапасын төмендетеді, бұл меншік пен өмірдің жоғалуына алып келеді, институттарға сенімділікті бұзады және нарықта адал әрі тиімді қызметке кедергі келтіреді.

Үкімет Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының халықаралық коммерциялық мәмілесін жасау кезінде шетелдік лауазымдық тұлғаларды паралаумен күрес конвенциясы, жемқорлыққа қарсы БҰҰ конвенциясы сияқты халықаралық келісімдер арқылы жемқорлыққа қарсы іс-қимылда прогресске, сондай-ақ өзінің ұлттық заңын қабылдауға қол жеткізді. Көптеген юрисдикцияда жемқорлыққа қатысу нақты адамға қатысты қылмыс болып табылады және адамдар сияқты ұйымдарға да жемқорлық үшін жауапты болуды міндеттеудің өскелең тенденциясы бар.

Алайда, бұл проблеманы шешу үшін бір ғана заң жеткіліксіз.

Демек, ұйымдар жемқорлыққа қарсы күресте белсенді үлес үшін жауапты болады. Бұған осы стандарт қамтамасыз етуді болжайтын жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесімен, басшылықты адалдыққа, ашықтыққа, анықтық пен келісімге негізделген ұжымдық мәдениетке міндеттеп қол жеткізуге болады. Ұжымдық мәдениеттің бұндай ерекшелігі - жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің сәттілік немесе сәтсіздігінің сыни маңызды факторы.

Тиісті тәсілмен басқарылатын ұйымның заңды міндеттемелер мен адалдықты ұстануға ықпал етуі үшін менеджменттің сәйкес жүйелері қолдайтын талаптарды сақтау саясаты болуға тиіс. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты талаптардың сақталуының ортақ саясатының элементі болып табылады. Бұндай саясат және оны қолдайтын менеджмент жүйесі ұйымға жемқорлыққа қатыстылықтан шығынды, қауіп пен залалды азайтуға немесе болдырмауға, өзара іскерлік қарым-қатынаста сенімділікке ықпал етеді, беделді жақсартады.

Осы стандарт алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені білдіреді және кез келген юрисдикцияда қолдануға болады. Ол кез келген саладағы шағын, орта және ірі ұйымдарға, сондай-ақ мемлекеттік, жеке және коммерциялық емес ұйымдарға қолданылады.

Ұйым бетпе-бет келетін жемқорлық қауіптер ұйымның көлемі, орналасқан жері мен ұйым жұмыс істейтін сала сияқты факторларға, сондай-ақ ұйым қызметінің сипатына, ауқымы мен күрделілігіне қарай өзгереді. Осыған байланысты осы стандарт ұйым тап келетін жемқорлық қауіптерпен өлшемдес және негізделген басқару процедуралары мен құралдарын, саясатын енгізуді белгілейді. А қосымшасында осы стандарттың талаптарын орындау бойынша ұсыныстар бар.

Осы стандартқа сәйкестік ұйымға қатысты сол сәтте жемқорлық оқиғасының болмағанына немесе оның болашақта болмайтынына кепілдік бермейді, себебі жемқорлық қауіпін толықтай жоққа шығару мүмкін емес. Алайда осы стандарт ұйымға жемқорлық оқиғасы бойынша ескерту, табу және шаралар қабылдау үшін әзірленген негізделген және сәйкес тетіктерді енгізуге көмектесе алады.

Осы стандартта мынадай модельдік нысандар пайдаланылады:

- «тиіс» талапты білдіреді;
- «жөн» ұсынысты білдіреді;
- «болады» рұқсатты білдіреді;
- «болуы мүмкін» мүмкіндікті немесе қабілетті білдіреді.

Ескертпеде берілген ақпарат сәйкес талаптарды түсінуде немесе түсіндіруде нұсқаулық үшін пайдаланылады.

Осы стандарт менеджмент жүйесі бойынша стандарттарға қойылатын ISO талаптарына сәйкес келеді. Осы талаптар егжей-тегжейлі өңделген негіз құрайтын мәтінді, негіз құрайтын анықтамалары бар ортақ терминдерді қамтиды. Соңғысы менеджмент жүйесі бойынша ISO стандарттарын сапалы пайдалануға мүмкіндік береді. Осы стандартты менеджмент жүйесі бойынша басқа стандарттармен (мәселен, ISO 9001, ISO 14001, ISO/IEC 27001 және ISO 19600) және менеджмент бойынша стандарттармен (мәселен, ISO 26000 және ISO 31000) бірге пайдалануға болады.

БИНИИН: 050840002271

№ счета на оплату: 25970

Дата выдачи: 28.11.2019

Наименование: ТОО "Национальный центр аккредитации"
Выдан документ РГП на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

БИНИИН: 050840002271
№ счёта на оплату: 25970

Дата выдачи: 28.11.2019

Наименование: ТОО "Национальный центр аккредитации"
Выдан документ РГП на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ
Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулар

Енгізілген күні 2019-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт жемқорлыққа қарсы жүйе менеджментін құру, енгізу, қолдау, талдау және жетілдіру талаптарын белгілейді және оған ұсыныстар береді. Бұл жүйе жеке қолданылуы немесе менеджменттің ортақ жүйесіне біріктірілуі мүмкін. Осы стандартта ұйым қызметіне қатысты жемқорлықтың мынадай түрлері қарастырылады:

- мемлекеттік, жеке және коммерциялық сегменттердегі пара алу;
- ұйымдар бопсалайтын пара;
- ұйым атынан немесе соның пайдасына әрекет ететін ұйым қызметкерлері бопсалайтын пара;
- ұйым атынан немесе соның пайдасына әрекет ететін ұйымның іскерлік серіктестері бопсалайтын пара;
- ұйымдарды паралау;
- ұйым қызметімен байланысты ұйым қызметкерлерін сатып алу;
- ұйым қызметімен байланысты ұйымның іскерлік серіктестерін паралау;
- тікелей немесе біреу арқылы (мәселен, үшінші тұлға арқылы немесе үшін тұлға қабылдайтын пара) паралау. Осы стандарт тек жемқорлыққа ғана қолданылады. Ол пара алудың алдын алу, анықтау және пара алу және ұйым қызметіне қатысты әрекет ететін жемқорлыққа қарсы заңнамаға және ерікті міндеттемелерге сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау үшін ұйымға көмек үшін әзірленген менеджмент жүйесінің талаптарын белгілейді және ұсыныстар береді.

Осы стандарт алаяқтыққа, картельді сөз байласуға және басқа да монополияға қарсы заңнамалық бұзушылыққа және таза бәсекелестікке, ақша жымқыруға немесе жемқорлық әрекетпен байланысты өзге де қызметке (алайда ұйым аталған жағдайларды қосып, қаралып отырған менеджмент жүйесінің қолданылу саласын кеңейте алады) қолданылмайды.

Осы стандарттың талаптары ортақ болып табылады және типіне, көлеміне және қызмет ету сипатына және ол мемлекеттік, жеке немесе коммерциялық емес ұйым ба екеніне қарамай барлық ұйымдардың (немесе ұйымның бір бөлігінің) қолдануы үшін арналған. Осы талаптарды қолдану көлемі 4.1, 4.2 және 4.5 берілген факторларға байланысты.

Ескертпелер

1 А.2 ұсынысты қараңыз.

2 Ұйымдардың пара бопсалау қаупіне қатысты оның алдын алу, табу және шаралар қабылдау үшін қажетті іс-шаралар ұйымды (оның қызметкерлерін немесе ұйым атынан әрекет ететін іскерлік серіктестерін) паралауға қатысты оның алдын алу, табу және шаралар қабылдау үшін қабылданатын іс-шаралардан ерекшеленуі мүмкін. А.8.4 берілген ұсыныстарды қараңыз.

2 Нормативтік сілтемелер

Нормативтік сілтемелер жоқ

3 Терминдер мен анықтамалар

3.1 Жемқорлық орналасқан жеріне қарамай, тұлғаны ынталандыру немесе марапаттау түрінде, осы тұлғаның қызметінің көрсеткіштерімен (3.16) мәселені шешу үшін қолданыстағы заңнаманы бұзып, тікелей немесе делдалдар арқылы және осылай әрекет ететін немесе керісінше әрекет етпейтін, материалдық құндылықтарды (қаржылық немесе қаржылық емес) ұсыну, уәде беру, беру, қабылдау немесе сұратуу

Ескертпе. Жоғарыдағы анықтама жалпы сипатқа ие. «Пара» деген термин параға қарсы іс-қимыл туралы заңға сәйкес және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіне (3.5) сәйкес ұйымға (3.2) қолданылады.

3.2 Ұйым: мақсатына қол жеткізу үшін міндеттемелермен, өкілеттікпен және өзара байланыспен өзінің жеке қызметіне ие тұлға немесе тұлғалар тобы (3.11).

Ескертпелер

1 Ұйым ұғымына мыналар кіреді, алайда онымен шектелмейді – жеке кәсіпкерлер, компания, корпорация, фирма, кәсіпорын, билік органы, серіктестік, қайырымдылық ұйымы немесе мекеме, заңды, мемлекеттік немесе жеке тұлға мәртебесі бар немесе жоқ барлық аталғандардың бір бөлігі немесе комбинациясы.

2 Бірнеше құрылымдық бірлікпен тұратын ұйымдар үшін бұл құрылымдық бірлік ұйым ретінде анықталуы мүмкін.

3.3 Мүдделі тараптар (басымырақ термин)

негізгі серіктес (рұқсат етілген термин): ықпал ете алатын, немесе оларға ықпал етуге болатын немесе оларға шешім немесе іс-қимыл ықпал етеді деп болжанатын тұлға немесе ұйым (3.2).

Ескертпе – Мүдделі тұлға ұйымға қатысты ішкі немесе сыртқы боулы мүмкін.

3.4 Талап: белгіленген және міндетті болып табылатын қажеттілік.

Ескертпелер

1 Менеджмент жүйесі бойынша стандарттарда «талаптар» негіз құрайтын анықтамасы «жауапқа қабілетті немесе міндетті орындалуды түсіндіретін белгіленген қажеттілікті немесе үмітті» хабарлайды. «Жауапқа қабілетті талаптар» жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті контексінде қолданылмайды.

2 «Жауапқа қабілетті» ұйымдар және мүдделі тараптар үшін стандартты немесе ортақ практиканы білдіреді. Бұнымен қандай да бір іс-қимылдың нәтижесінің қажеттілігі немесе үміті түсініледі.

3 Белгілі бір талап құжаттандырылған ақпаратта көрсетілген талапты білдіреді.

3.5 Менеджмент жүйесі: Саясатты (3.10) және мақсатты, сондай-ақ осы мақсатқа (3.11) қол жеткізу үшін процестерді (3.15) әзірлеу үшін ұйымның өзара байланысқан немесе өзара әрекет ететін элементтерінің (3.2) жиынтығы.

Ескертпелер

1 Менеджмент жүйесі

басқарудың бір немесе бірнеше объектілеріне жатуы мүмкін.

2 Менеджмент жүйесінің элементтеріне ұйымның құрылымын, рольдерді бөлуді және жауаптылық аймағын, жоспарлауды және жедел басқаруды қамтиды.

3 Менеджмент жүйесінің қолданылу саласына барлық ұйымдар, белгілі бір және ұйымның бірдейлендірілген қызметі, ұйымның белгілі бір және бірдейлендірілген бөлігі немесе ұйымдар тобы шеңберінде орындалатын бір немесе бірнеше қызметтер кіруі мүмкін.

3.6 Жоғары басшылық: ұйымды жоғары деңгейде бағыттайтын және басқаратын (3.2) тұлға немесе тұлғалар тобы.

Ескертпелер

1 Жоғары басшылық өкілеттікті табыстау және ұйым шегінде ресурстарды қамтамасыз ету құқығына ие.

2 Егер менеджмент жүйесінің қолданылу саласы (3.5) ұйымның бір бөлігін ғана жапса, онда «жоғары басшылық» деген термин осы ұйымның бір бөлігін басқаратынға қатысты болады.

3 Ұйымдар өз қызметінде басшылыққа алуы міндетті заңнамалық базаға сәйкес, сондай-ақ өз көлеміне, саласына және т.б. сәйкес құрылуы мүмкін. Кейбір ұйымдарда басқарушы органы (3.7), сондай-ақ жоғары басшылығы (3.6), болуы мүмкін, ал кейбір басқа ұйымдар түрлі органдар арасында жауаптылықты бөлмеуі мүмкін. Ұйымдағы, сондай-ақ жауаптылықтағы айырма 5-бөлімнің талаптарын қолданған кезде назарға алынуы мүмкін.

3.7 Басқарушы орган: өкілеттікке ие және ұйымның іс-қимылы (3.2), басқару және саясат үшін бірдей жауаптылықта болатын және сол үшін жауап беретін және жоғары басшылыққа (3.6) есеп беретін тұлға немесе тұлғалар тобы.

Ескертпелер

1 Барлық, әсіресе шағын ұйымдарда жоғары басшылықтан бөлек басқарушы органы болмауы мүмкін (3.05 анықтамасының 3-ескертпесін қараңыз).

2 Басқарушы орган деген терминге директорлар кеңес, кеңестің комитеттері, қадағалау кеңесі, басқарма мүшесі немесе бақылаушылар кіруі мүмкін, алайда онымен шектелмейді.

3.8 Жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын қамтамасыз ету қызметі: жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін (3.5) басқару үшін жауап беретін және өкілеттігі бар тұлға(лар).

3.9 Нәтижелілік: жоспарланған іс-шаралар орындалған және жоспарланған нәтижеге қол жеткен деңгей.

3.10 Саясат: жоғары басшылық (3.6) немесе оның басқарушы органы (3.7) ресми құрған ұйымның (3.2) даму ниеті және бағыты.

3.11 Мақсаты: қол жетуге тиіс нәтиже.

Ескертпелер

1 Мақсат стратегиялық, тактикалық немесе жедел болуы мүмкін.

2 Мақсаттар түрлі салаларға (қаржы, сату және маркетинг, сатып алулар, денсаулық пен қауіпсіздік және экологиялық мақсаттар сияқты) жатуы мүмкін және түрлі деңгейде (стратегиялық, барлық ұйым, жоба, өнімдер мен процестер (3.15) сияқты) қолданылуы мүмкін.

3 Мақсат күтілетін нәтиже, арнаулы, пайдалану критерийі сияқты, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат сияқты түрлі тәсілдермен және осыған ұқсас мәні бар басқа сөздер көмегімен білдірілуі мүмкін.

4 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің (3.5) контекстінде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсатты нақты нәтижеге қол жеткізу үшін жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына (3.10) сәйкес ұйым (3.2) белгілейді.

3.12 Қауіп-қатер: белгісіздіктің мақсатқа әсер етуі (3.11).

Ескертпе

1 Әсер ету – бұл күтілетіннен – оң не теріс ауытқу.

2 Белгісіздік – оқиғаға, оның салдарына немесе ықтималдығына қатысты ақпараттың жеткіліксіздігінің, түсінудің немесе білімнің тіпті ішінара күйі.

3 Қауіп-қатер көбінесе ықтимал «оқиғаларды» (ISO Guide 73:2009, 3.5.1.3 анықталған) және «салдарды» (ISO Guide 73:2009, 3.6.1.3 анықталған) немесе оның комбинациясын көрсетіп сипатталады.

4 Қауіп-қатер көбінесе оқиғалар салдарының комбинациясы (жағдайдағы өзгерістерді қоса алғанда) және осы «ықтималдықпен» байланысты (ISO Guide 73:2009, 3.6.1.1 анықталған) туындау түрінде өрнектеледі.

ҚР СТ 3049-2017

3.13 Құзыреттілік: алға қойылған нәтижеге қол жеткізу үшін білім мен дағдыны қолдану қабілеті.

3.14 Құжаттандырылған ақпарат: ұйым (3.2) басқарылуы және жұмыстық күйде ұсталуы талап етілетін ақпарат және ішінде бар тасымалдағыш.

Ескертпе

1 Құжаттандырылған ақпарат кез келген пішімде және кез келген тасымалдағышта және кез келген дереккөзден болуы мүмкін.

2 Құжаттандырылған ақпарат мынаған:

- сонымен байланысты процесстерді (3.15) қоса алғанда, менеджмент жүйесіне (3.5);

- жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ұйым жасаған ақпаратқа (құжаттама);

- қол жеткен нәтижелер (жазбалар) куәлігіне жатуы мүмкін.

3.15 Процесс: кірулер мен шығуды түрлендіретін қызметтің өзара байланысқан немесе өзара әрекет ететін түрлерінің жиынтығы.

3.16 Қызмет көрсеткіші: өлшенетін нәтиже.

Ескертпелер

1 Қызмет көрсеткіші сандық, сондай-ақ сапалық нәтижемен байланысты болуы мүмкін.

2 Қызмет көрсеткіші қызметті, процестерді (3.15), өнімдерді (қызметті қоса алғанда) басқаруға, жүйелерге немесе ұйымдарға (3.2) жатуы мүмкін.

3.17 орындалуын бөгде орындаушыға беру (етістік): соңғысы ұйымның қызметін атқаратын немесе жұмыстық процестерді (3.14) жүзеге асыратын сыртқы ұйыммен (3.2) келісім.

Ескертпелер

1 Мердігер қызмет немесе процесс қолданылу аумағы шегінде болғанына қарамастан, сыртқы ұйым менеджмент жүйесінің (3.5) қолданылу саласынан тыс болуы мүмкін.

2 Менеджмент жүйесі бойынша ISO стандарттарының негізгі мәтінінде бөгде орындаушыларды тартуға қатысты анықтама мен талап бар, ол осы стандартта пайдаланылмайды, себебі аутсорсингтік компаниялар іскерлік серіктестер (3.26) анықтамасына енген.

3.18 Мониторинг: жүйе, процесс (3.15) немесе жұмыс күйінің анықтамасы.

Ескертпе. Күйінің анықтамасы үшін тексеру, бақылау немесе сыни зерделеу қажеттілігі туындауы мүмкін.

3.19 Өлшеу: мәнді анықтау процесі (3.15).

3.20 Аудит: аудит куәлігін алуға және аудит критерийіне сәйкестік деңгейін анықтау мақсатында оны объективті бағалауға арналған жүйелі, тәуелсіз және құжаттандырылған процесс (3.15).

Ескертпе

1 Аудит ішкі (бірінші тарап) немесе сыртқы (екінші немесе үшінші тарап), сондай-ақ құрама (бір және одан көп бағытты біріктіретін) болуы мүмкін.

2 Ішкі аудитті ұйымның мүддесінде оның өзі немесе тартылған тараптар орындайды.

3 «Аудит куәлігі» және «аудиттің критерийі» терминдері ISO 19011 анықталған.

3.21 Сәйкестік: талаптың орындалуы (3.4).

3.22 Сәйкессіздік: талаптың орындалмауы (3.4).

3.23 Түзету іс-қимылы: сәйкессіздік (3.22) себептерін жоюға және оның қайта пайда болуының алдын алуға арналған іс-қимыл.

3.24 Үздіксіз жақсарту: қызмет (3.16) нәтижесін жақсарту бойынша тұрақты жұмыс.

3.24 Қызметкерлер: директорлар, басшылар, қызметкерлер, уақытша жұмыскерлер немесе тартылған бөгде орындаушылар, қоғамдық ұйым белсенділері (3.02).

Ескертпелер

1 Қызметкерлердің түрлі санаты жемқорлық қауіп-қатерінің алуан түріне және деңгейіне негіз болады (3.12) және демек, жемқорлық қауіп-қатерін бағалау дәне оны басқару процедурасын ұйымдастыруды орындаған кезде әртүрлі өңделуі мүмкін.

2 Уақытша жұмыскерлер немесе тартылған бөгде орындаушылар бойынша ұсыныстарды А.8.5 қараңыз.

3.25 Іскерлік серіктес: ұйымның (3.2) белгілі бір іскерлік қарым-қатынасы бар немесе болуы жоспарланған сыртқы тарап.

Ескертпе

1 Іскерлік серіктес деген ұғым клиенттерді, сатып алушыларды, бірлескен кәсіпорын бойынша серіктестерді, консорциум бойынша серіктестерді, аутсорсинг қызметінің жеткізушілерін, мердігерлерді, кенес берушілерді, қосалқы мердігерлерді, жеткізушілерді, сатушыларды, кеңесшілерді, агенттерді, дистрибьюторларды, өкілдерді, делдалдар мен инвесторларды қамтиды, алайда онымен шектелмейді. Бұл анықтама әдейі кеңейтілген дәне оны ұйымды шынымен жемқорлық қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін іскерлік серіктестерге қолдану үшін ұйымның жемқорлық қауіп-қатер құрылымына (3.12) сәйкес түсіндірген жөн.

2 Іскерлік серіктестердің түрлі санаты жемқорлық қауіп-қатердің алуан түрі мен деңгейіне себепші болады және ұйым (3.2) түрлі іскерлік серіктестерге әсер ету мүмкіндігінің әртүрлі деңгейіне ие болады. Осылайша, іскерлік серіктестердің түрлі санатына жемқорлық қауіп-қатерді бағалау және оны басқару процедурасын ұйымдастыруды орындаған кезде түрлі шаралар қолданылуы мүмкін.

3 Осы стандартта «бизнеске» сілтеме ұйымның алға қойылған мақсаты үшін өзекті сипатқа ие қызметтің түрлерін көрсету мақсатында түрліше түсіндірілуі мүмкін.

3.27 Жария лауазымды тұлға: тағайындалған немесе сайланған, заңнаамалық, әкімшілік немесе сот лауазымы бар кез келген тұлға немесе мемлекеттік қызметтегі, оның ішінде мемлекеттік органда немесе мемлекеттік мекемедегі кез келген тұлға немесе қоғамдық ұлттық немесе халықаралық ұйымның өкілі немесе кез келген лауазымды тұлға.

Ескертпе. Жария лауазымды тұлға ретінде қаралуы мүмкін тұлғалар үлгісін А.21 қараңыз.

3.28 Үшінші тарап: ұйымға тәуелді емес тұлға немесе орган (3.2).

Ескертпе – Барлық іскерлік серіктестер (3.26) үшінші тарап болып табылады. Алайда, барлық үшінші тараптар іскерлік серіктестер емес екенін ескерген жөн.

3.29 Мүдделер дауы: іскерлік, қаржылық, отбасылық, саяси немесе жеке мүдделер ұйымдағы (3.2) өз міндеттемелерін орындау кезінде қызметкерлер шешіміне әсер етуі мүмкін жағдай.

3.30 Кешенді тексеріс: жемқорлық қауіп-қатер деңгейі мен сипатын қосымша бағалауға және нақты мәмілеге, жобаларға, іс-қимылға, іскерлік серіктестер мен қызметкерлерге қатысты шешім қабылдауда ұйымға (3.2) көмек көрсетуге арналған процесс (3.15).

4 Ұйымның контексті

4.1 Ұйымды және оның контекстінің мәнін ұғыну

Ұйым оның қызметінің мақсаты үшін елеулі және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің мақсатына қол жеткізу қабілетіне әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды анықтауға тиіс. Бұл факторлар:

- a) ұйымда шешім қабылдау бойынша көлемді, құрылым мен табысталған өкілеттікті;
- b) ұйым жұмыс істейтін немесе жұмыс істеуді болжайтын сала мен орналасқан жерін;
- c) ұйым қызметінің сипатын, ауқымы мен күрделілігін;
- d) ұйымның іскерлік үлгісін;
- e) ұйым бақылайтын заңды тұлғаларды және ұйымның бақылауындағы заңды тұлғаларды;
- f) ұйымның іскерлік серіктестерін;
- g) жария лауазымды тұлғалармен өзара байланыс көлемі мен сипатын; және
- h) қолданыстағы заңнаманы, нормативтік, келісім-шарттық және кәсіби міндеттемелер мен міндеттерді қамтиды, алайда онымен шектелмейді.

Ескертпе. Егер осы ұйымның менеджментін тікелей немесе жанама бақыласа, ұйым басқа ұйымға бақылауды жүзеге асырады.

4.2 Қажеттілікті және мүдделі тараптардың үмітін түсіну

Ұйым:

- a) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі үшін елеулі мүдделі тараптарды;
- b) осы мүдделі тараптардың сәйкес талаптарын белгілеуге тиіс.

Ескертпе – Мүдделі тараптардың талаптарын анықтаған кезде ұйым мүдделі тараптардың міндетті талаптары мен міндетті емес үмітін, сондай-ақ оған қатысты қабылданған ерікті міндеттемелерін ажыратуы мүмкін.

4.3 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі іс-қимылының саласын анықтау

Ұйым қолданылу саласын белгілеу үшін жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің шекарасы мен қолданылуын анықтауға тиіс.

Осы салаларды анықтаған кезде ұйым:

- a) 4.1 берілген сыртқы және ішкі факторларды;
 - b) 4.2 берілген талаптарды;
 - c) 4.5 берілген жемқорлық қауіп-қатерін бағалау нәтижесін назарға алуға тиіс.
- Қолданылу саласы құжаттандырылған ақпарат ретінде берілуге тиіс.

Ескертпе - А.2 бөліміндегі ұсыныстарды қараңыз.

4.4 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі

Ұйым осы стандарттың талаптарына сәйкес қажетті процестер мен олардың өзара іс-қимылын қоса алғанда, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін әзірлеуге, құжаттандыруға, енгізуге, жұмыстық күйде ұстауға және тұрақты қайта қарауға тиіс.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінде қауіп-қатерді табу мен бағалау, сондай-ақ жемқорлықтың алдын алу және табу және соған қатысты шараларды қабылдау үшін әзірленген шаралар болуға тиіс.

Ескертпе – Жемқорлық қауіп-қатерін толықтай жою мүмкін емес және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің ешқандай жүйесі жемқорлықтың барлық жағдайының алдын алу және табу мүмкіндігін бермейді.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі негізделген және 4.3 берілген факторларды ескеріп өлшемдес болуға тиіс.

Ескертпе - А.3 бөлімдегі ұсыныстарды қараңыз.

4.5 Жемқорлықпен байланысты қауіп-қатерді бағалау

4.5.1 Ұйым:

а) ұйым 4.1 аталған факторларды есепке ала отыра, негізді күте алатын жемқорлық қауіп-қатерді табуға;

б) бағалау беруге және табылған жемқорлық қауіп-қатерді басымдығына қарай қоюға;

с) күтілетін жемқорлық қауіп-қатерді азайту үшін ұйымда бұрыннан бар басқару құралдарының жарамдылығы мен нәтижелілігін анықтауға тиіс болатын жемқорлық қауіп-қатерді бағалауды жүзеге асыруға тиіс.

4.5.2 Ұйым ұйым саясаты мен мақсатында ескерілетін жемқорлық қауіп-қатерінің деңгейін бағалау үшін критерийлерді белгілеуге тиіс.

4.5.3 Жемқорлық қауіп-қатерді бағалау нәтижесі:

Результаты оценки коррупционных рисков должны пересматриваться:

а) өзгерістер мен жаңа ақпарат ұйым айқындаған сәтте немесе кезеңділікпен тиісті тәсілмен бағаланатындай тұрақты;

б) ұйым қызметінің құрылымында елеулі өзгерістер жағдайында қайта қаралуға тиіс.

4.5.4 Ұйым жемқорлық қауіп-қатерді бағалау орындалғанын және оның нәтижесі жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін әзірлеу кезінде пайдаланылатынын куәландыратын құжаттандырылған ақпаратты басқаруға тиіс.

Ескертпе - А.4 бөлімінде ұсыныста қараңыз.

5 Лидерлік

5.1 Лидерлік және міндеттемелер

5.1.1 Басқарушы орган

Егер ұйымда басқарушы орган бар болса, онда бұл орган:

а) ұйымның жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бекіту;

б) жемқорлыққа қарсы саясатпен ұйымның стратегиясын келісуді қамтамасыз ету;

с) ұйымның жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін құру және қызмет етуі туралы ақпаратты уақыттың жоспарланған кезеңінде алу және талдау;

д) жемқорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесімен операцияларды тиімді орындау үшін қажетті сапалы дереккөздерді алу мен пайдалану талабы;

е) ұйымда жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін жоғары басшылықтың енгізуін және оның нәтижелілігін ақылға қонымды бақылауды жүзеге асыру арқылы лидерлікті көрсетуге және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіне қатысты міндеттемені көрсетуге тиіс.

Егер ұйымда басқарушы орган болмаса, бұндай іс-қимылды жоғары басшылық орындауға тиіс.

5.1.2 Жоғары басшылық

Жоғары басшылық:

ҚР СТ 3049-2017

а) саясат пен мақсатты қоса алғанда, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі ұйымның жемқорлық қауіп-қатеріне сәйкес реакциясы үшін әзірленгенін, енгізілгенін, басқарылатынын және қайта қаралатынын қамтамасыз ету;

б) ұйым процесінде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарын біріктіруді (қосуды) қамтамасыз ету;

с) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі тиімді жұмыс істеуі үшін жеткілікті және сәйкес ресурстарды жұмылдыру;

д) ұйым ішінде, сол сияқты одан тыс жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты туралы хабарлау;

е) ұйым ішінде жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нәтижелі менеджментінің мәнділігі мен жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі талаптарына сәйкестігін жеткізу;

ф) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі оның мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететіндей әзірленгеніне кепілдік;

г) қызметкерлерді соған дәлдеу және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесінің нәтижелілігіне үлес қосу үшін қолдау;

h) ұйым шегінде жемқорлықты қабылдамау мәдениетін тарату;

і) тұрақты жақсаруды ынталандыру;

j) сәйкес басшылық лауазымдағы басқа қызметкерлерді белгіленген жауаптылық шеңберінде жемқорлықтың алдын алу және анықтауда лидерлікті көрсету үшін қолдау;

к) жемқорлықтың болжанған немесе нақты жағдайы туралы хабарлау процедурасын пайдалануды ынталандыру (сондай-ақ 8.9 қараңыз);

l) қызметкерлердің ешқайсысы ұйымның жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын немесе болжанған бұзушылықтың болуына шынайы сенімділіктен немесе адал ойдан жасалған хабарлама үшін немесе егер тіпті бұндай бас тарту ұйымның бизнесі үшін (адамның өзі бұзушылыққа қатысқан жағдайды қоспағанда) жоғалуға әкеп соқса да, жемқорлық әрекетке қатысудан бас тартқаны үшін қудалауға, кемсітушілікке немесе тәртіптік жазалау әсер етуге [7.2.2.1 d)] ұшырамауына кепілдік беру

m) жоспарланған уақыт аралығында басқарушы органға (егер ол болса) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесін құру және жұмыс істеуі туралы, сондай-ақ жемқорлықтың елеулі және/немесе жүйелі оқиғаларына күмән туралы есеп ұсынуы арқылы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіне қатысты лидерлік пен міндеттемені көрсетуге тиіс.

Ескертпе. А.5 бөлімдегі ұсыныстарды қараңыз.

5.2 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

Жоғары басшылық:

а) жемқорлыққа тыйым салатын;

б) ұйымға қолданылатын жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуын талап ететін;

с) ұйымның мақсатына сай келетін;

д) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында мақсат қою, қайта қарау және қол жеткізу үшін негізді қамтамасыз ететін;

е) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарының орындалу міндеттемесін қамтитын;

ф) жауап қудалау үрейінсіз өз күмәні туралы құпия хабарлауді ынталандыратын;

г) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесін тұрақты жақсарту міндеттемесін қамтитын;

h) жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын қамтамасыз ету қызметінің өкілеттігі мен тәуелсіздігін негіздейтін; және

і) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының орындалмау салдарын түсіндіретін жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын белгілеуге, қайта қарауға және қолдауға тиіс.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты:

- құжаттандырылған ақпарат ретінде ресімделуге;
- жемқорлықтың төмен деңгейіне қарағанда жоғары байланысқан іскерлік серіктестер мен ұйымның қызметкерлеріне сәйкес тілде жеткізілуге;
- мүмкіндігінше, тиісті мүдделі тараптарға қолжетімді болуға тиіс.

5.3 Ұйымдастыру функциялары, жауаптылық және өкілеттік

5.3.1 Лауазымдық қызметтер мен жауаптылық

Жоғары басшылықтың жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесін енгізу үшін және 5.1.2 көрсетілгендей соның талаптарына сәйкестігі үшін ұжымдық жауаптылығы болуға тиіс.

Жоғары басшылық тиісті лауазымдық қызметтер үшін жауаптылық пен өкілеттік белгіленгеніне және ұйымның барлық деңгейдегі қызметкерлеріне жеткізілгеніне кепілдік беруге тиіс.

Әр деңгейдегі басшылар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптары қолданылатыны және құрылымдық бөлімшелердің қызметіне сәйкестігін қамтамасыз ететіні үшін жауапты болуға тиіс.

Басқарушы орган (егер болса), жоғары басшылық және барлық басқа да қызметкерлер оның ұйымдағы роліне байланысты болатындай түсінілуі, орындалуы және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі талаптарына сәйкестігі үшін жауапты болуға тиіс.

5.3.2 Жемқорлыққа қарсы норманың сақталуын қамтамасыз ету қызметі

Жоғары басшылық жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтау қызметіне:

a) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі талаптарының әзірленуін және орындалуын бақылау;

b) қызметкерлерді жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі және жемқорлықпен байланысты проблемалар бойынша кеңеспен және ұсыныстармен қамтамасыз ету;

c) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің осы Халықаралық стандарттың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

d) басқарушы органға (егер болса) және жоғары басшылыққа, сондай-ақ егер қажет болса, нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етудің басқа қызметтеріне жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесінің жұмыс істеуі туралы есептілік үшін жауаптылық пен өкілеттікті тағайындауға тиіс.

Жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтау қызметі тиісті тәсілмен ресурстармен қамтамасыз етілуге және тиісті құзыреттілігі, мәртебесі мен тәуелсіздігі бар тұлға (тұлғалар) тағайындалуға тиіс.

Егер жемқорлықпен немесе жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесімен байланысты қандай да бір мәселені немесе проблеманы жоғары деңгейге көтеру қажеттілігі болса, жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын қамтамасыз ету қызметін атқаратын тұлғаның (тұлғалардың) басқарушы органға (егер болса) және жоғары басшылыққа тікелей және жедел қолжетімділігі болуға тиіс.

Жоғары басшылық ұйымның қызметкерлері болып табылмайтын тұлғаларды жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын қамтамасыз ету қызметін толық көлемде немесе ішінара орындалуын тағайындай алады. Егер бұл жасалса, жоғары басшылық нақты тұлғаларға осы қызметті орындау үшін жауаптылық пен өкілеттікті тағайындай алатынына кепілдік беруге тиіс.

Ескертпе - А.6 бөлімінен ұсыныстарды қараңыз.

5.3.3 Қабылданған шешімдерді табыстау

Жоғары басшылық қызметкерлерге соған қатысты жемқорлық қауіп-қатерінің төменнен жоғары деңгейі бар шешімдерді қабылдау үшін өкілеттік немесе жауаптылық табыстайтын жағдайда, ұйым шешім қабылдау процесін немесе басқару құралдарының жиынын белгілеуге және қолдауға тиіс. Шешім қабылдау процесі мен оны қабылдайтын тұлғалар өкілеттігінің деңгейі сәйкес болуы қажет, сондай-ақ нақты немесе әлеуетті мүдделер дауы болмауға тиіс. Жоғары басшылық осы процестер олардың лауазымдық қызметі мен жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесін енгізу және оның 5.3.1 бөлімде белігленген талаптарға сәйкестігі үшін жауаптылық шеңберінде кезеңмен қаралатынына кепілдік беруге тиіс.

Ескертпе. Қабылданған шешімдерді табыстау жоғары басшылықты немесе басқарушы органды 5.1.1, 5.1.2 және 5.3.1 бөлімдерде берілген міндеттер мен жауаптылықтан босатпайды. Сондай-ақ табысталған өкілеттігі бар тұлғаларға ықтимал заңды жауаптылықты беруге алып келуі міндетті емес.

6 Жоспарлау

6.1 Жемқорлық қауіп-қатерді өңдеу және мүмкіндіктерді анықтау бойынша іс-қимыл

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін жоспарлап, ұйым 4.1 аталған факторларды, 4.2 тармағында аталған талаптарды және 4.5 айқындалған қауіп-қатерді назарға алуға, сондай-ақ мүмкіндігінше :

- a) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі күтілетін нәтижеге қол жеткізе алатынына неігзделген кепілдік беруі;
- b) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен мақсатына қатысы бар қалаусыз салдардың алдын алу немесе азайту;
- c) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесінің нәтижелілігін қадағалау;
- d) тұрақты жақсартуды қамтамасыз ету үшін іс-қимыл қабылдануға тиіс.

Ұйым:

- осы жемқорлық қауіп-қатерді өңдеу және мүмкіндіктерді іске асыру бойынша іс-қимылды;
- қандай тәсілмен
- жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесінің процесіне осы іс-қимылды біріктіруді (қосуды) және оларды орындауды;
- осы іс-қимылдың нәтижелілігін бағалауды жоспарлауға тиіс.

6.2 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат және оған қол жеткізуді жоспарлау

Ұйым сәйкес қызметтер мен деңгей үшін жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында мақсатты белгілеуге тиіс.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат:

- a) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен келісілуі;
- b) өлшенуі (егер практикалық жүзеге асырылса);
- c) 4.1 берілген қолданыстағы факторларды, 4.2 берілген талаптарды және 4.5 анықталған жемқорлық қауіп-қатерді ескеруі;
- d) қол жететін болуы;
- e) қадағалануы;
- f) назарға алынуы;

g) қажеттілікке қарай жаңартылуы қажет.

Ұйым жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар туралы құжаттандырылған ақпаратты сақтауға тиіс.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында мақсатқа өол жеткізуді жоспарлай отыра, ұйым:

- нені жасау қажеттілігін;
- қандай ресурстар талап етілетінін;
- кім жауапты болатынын;
- қандай мақсатқа қол жеткізілетінін;
- қандай нәтиже бағаланатынын және жеткізілетінін;
- айыппұл санкциясын немесе тұрақсыздықты кім салатынын анықтауға тиіс.

7 Қамтамасыз ету

7.1 Ресурстар

Ұйым жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесін әзірлеу, енгізу, жұмыс істеу және тұрақты жақсарту үшін қажетті ресурстарды анықтауға және қамтамасыз етуге тиіс.

Ескертпе - А.7 бөліміндегі ұсыныстарды қараңыз.

7.2 Құзыреттілік

7.2.1 Жалпы ережелер

Ұйым:

а) жемқорлыққа қарсы қызметтің көрсеткіштеріне ықпал ететін жұмысты ұйымдастыруды басқарып орындайтын қызметкердің (қызметкерлердің) қажетті құзыреттілігін анықтауға;

б) осы тұлғалар сәйкес білім, дайындық немесе тәжірибесінен құзыретті екеніне кепілдік беруге;

с) мүмкін болған жерде, қажетті құзыреттілікті қамтамасыз ету және қолдау және қабылданған шаралардың нәтижелілігін бағалау үшін шаралар қабылдауға;

д) құзыреттілік куәлігі ретін сәйкес құжаттандырылған ақпаратты сақтауға тиіс.

Ескертпе. Ықтимал іс-қимыл, мәселен, жұмыс істейтін қызметкерлерді оқытуды, тәлімгерлікті немесе орын ауыстыруын немесе іскерлік серіктестерді ауыстыруды немесе жаңа мамандарды немесе келісім-шарт бойынша құзыретті мамандарды немесе іскерлік серіктестерді қабылдауды қамтуы мүмкін.

7.2.2 Жұмысқа орналастыру процедуралары

7.2.2.1 Ұйым өзінің барлық қызметкерлеріне қатысты:

а) қызметкерлердің еңбек шартының талаптары жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіне сәйкестік талаптарын қамтуы және бұзушылық жағдайында ұйымға тәртіптік әсер ету шарасын қолдану құқығын беруі;

б) қызметкер жұмысқа кіріскеннен кейін қабылдауға лайық мерзімде ол жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына қолжетімділікті немесе көшірмені алуы және осы саясатпен байланысты оқудан өтуі;

с) ұйымның жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесінің талаптарын бұзатын қызметкерлерге тиісті тәртіптік шара қолдануға мүмкіндік беретін ережелері болуы;

ҚР СТ 3049-2017

d) қызметкерлер жазалауға ұшырамауы (мәселен, лауазымын төмендету, жоғарылауға кедергі келтіру, тәртіптік шаралар, ауытыру, жұмыстан босату, үркіту және ізіне түсу);

1) соған қатысты олар ұйым төменбетпеген жемқорлық қауіп-қатерінің өте төмен деңгейін негізді болжаған кез келген операцияға қатысудан бас тартқаны үшін; немесе

2) жемқорлықтың нақты немесе болжанған жағдайы оқиғасының болуына немесе ұйымның жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының немесе жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесінің бұзылуына шынайы сенімділікпен немесе адал оймен жасалған хабарламалар үшін (адамның өзі бұзушылыққа қатысқан жағдайды қоспағанда) процедуралар енгізуге тиіс.

7.2.2.2 4.5 тармағының ережелеріне сәйкес қауіп - қатер төменнен жоғары саналатын позицияны иемденген барлық қызметкерлерге және жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын барлық қызметкерлерге қатысты ұйым:

a) жұмысқа қабылдау немесе позицияны өзгерту қаншалықты мақсатқа лайық екенін анықтау және олар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарын орындайтыны қаншалықты негізді болжанғанын анықтау үшін үміткерлерді кешенді тексеріс (8.2 қараңыз) оларды жұмысқа қабылдағанға дейін, ал жұмыс істейтін қызметкерлерді тексеру оларды ауыстырғанға немесе жылжытқанға дейін жүргізілуін;

b) сыйақы тағайындау, мақсатты көрсеткіштер және еңбекті төлеу жүйесінің өзге де ынталандыру элементтері олардың жемқорлықты ынталандырмауы үшін қабылдауға лайық қорғаныш шаралары енгізілуіне көз жеткізу үшін кезеңмен қайта қаралуын;

c) жоғары басшылық және басқарушы орган (егер болса) сияқты қызметкерлер кезеңділігі жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын орындайтынын растай отыра, табылған жемқорлық қауіп-қатеріне сүйеніп белгіленетін уақыттың белгілі бір кезеңі сайын декларацияны толтыруын қамтамасыз ететін процедураларды енгізуі қажет.

Ескертпе

1 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының сәйкестік декларациясы дербес элемент немесе сәйкестікті растаудың аса ауқымды процесінің құрама бөлігі болуы мүмкін.

2 А.8 бөлімінен ұсыныстарды қараңыз.

7.3 Хабардарлық және оқыту

Ұйым қызметкердің тиісті және сәйкесінше ақпараттануы мен оқытуын қамтамасыз етуге тиіс. Оқытудың мұндай түрі жемқорлық қауіп-қатерді бағалаудың нәтижелерін есепке ала отырып, қаншалықты қолданысты екендігін мына сұрақтар ашуы керек (4.5 тармағын қараңыз):

a) жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың саясатын және жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың менеджмент жүйесінің процедураларын, сонымен қатар оларға сәйкестік бойынша міндеттерін;

b) жемқорлық арқылы келтірілуі мүмкін жемқорлық қауіп-қатерлерді және қызметкерлер мен ұйымға залал;

c) міндеттеріне байланысты пара ұсынылуы мүмкін жағдайлар және осы жағдайларды қалай анықтап тануға болады;

d) параға сатып алу немесе пара ұсыну әрекеттерін қалай анықтап тануға болады және адекватты түрде жауап беруге болады;

e) қызметкерлер жемқорлыққа қарсы әрекеттер және оны болдырмауға, сонымен бірге жемқорлықтың болуының түйіндік белгілерін анықтап тануға қалай көмектесе алады;

f) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жақсаруы және жемқорлыққа күдіктілік туралы ақпараттану тиімділіктерін қоса алғанда, жемқорлыққа қарсы әрекеттер менеджменті жүйесінің нәтижелілігіне олардың салымы;

g) жемқорлыққа қарсы әрекеттер менеджменті жүйесінің талаптарын сақтамаудың мүмкін болатын салдары және шиеленісуі;

h) қызметкерлер кез келген күдіктілікті қалай және кімге хабарлаулары тиіс (8.9 қараңыз);

i) ұсынылған оқыту және ресурстар туралы.

Қызметкер үнемі (ұйым арқылы анықталған, жоспарланған уақыт аралығынан кейін) тап болуы мүмкін жемқорлық қауіп-қатерге, лауазымдық қызметтерге, сонымен қатар кез келген жағдайлардың өзгерулеріне сәйкес жемқорлыққа қарсы әрекеттер мәселелері бойынша ақпарат алу және дайындықтан өтуге тиіс. Ақпараттану және оқыту бағдарламалары маңызды жаңа ақпараттардың көрінуі үшін қажет болған жағдайда кезең сайын жаңартылып отыру керек.

Табылған жемқорлық қауіптерін назарға ала отырып (4.5 қараңыз), ұйым сонымен қатар, төменге қарағанда аса нақтырақ жемқорлық қауіптіліктерге ұйымды ұшыратуы мүмкін және олардың атынан немесе олардың пайдасына әрекет ететін іскерлік серіктестердің жемқорлыққа қарсы әрекеттер ауданындағы ақпараттандыру және оқытуға бағытталған процедураларды енгізу. Бұл процедуралар, осындай оқыту мен ақпараттандыру қажет іскерлік серіктестерді табуы және олардың мазмұнын, сонымен бірге дайындықпен қамтамасыз етілу құралдарын анықтауға тиіс.

Ұйым оқыту процедураларына, оқытудың мазмұны және олардың қатысушыларына байланысты құжаттандырылған ақпаратты сақтауға тиіс.

Ескертпе

1 Іскерлік серіктестерді оқыту және ақпараттандыру үшін талаптар шарттың ережесіне немесе сол сияқты талаптарға қосылуы мүмкін және ұйым, іскерлік серіктес арқылы немесе осы мақсаттар үшін жұмылдырылған басқа тараптар арқылы енгізілуі мүмкін.

2 Ұсынысты А.9 бөлімінен қараңыз.

7.4 Ақпарат алмасу (Коммуникациялар)

7.4.1 Ұйым жемқорлыққа қарсы әрекеттер менеджменті жүйесін жұмыс істетуге айқын, коммуникацияның сыртқы және ішкі құралдарын анықтауға тиіс, мыналарды қосып алғанда:

- a) ақпарат алмасуда қандай затқа;
- b) қай уақытта ақпарат алмасу;
- c) кіммен ақпарат алмасу;
- d) қалай ақпарат алмасу;
- e) коммуникацияны кім іске асырады,
- f) коммуникация жүзеге асырылатын тілдер.

7.4.2 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты ұйымның барлық қызметкерлеріне және іскерлік серіктестерге қолжетімді, төмен деңгейден жоғарғы деңгейдегі жемқорлық қауіптіліктеріне ұшыраған қызметкерге сол сияқты іскерлік серіктестерге тікелей мәлім етілуге тиіс және жағдайларға байланысты коммуникацияның сыртқы және ішкі каналдарын қолдана отырып жариялауға тиіс.

7.5 Құжаттандырылған ақпарат

7.5.1 Жалпы ережелер

Ұйымның жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі мынаны қамтуға тиіс:

- a) осы стандартта талап етілген құжаттандырылған ақпаратты;

ҚР СТ 3049-2017

б) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің нәтижелілігін қамтамасыз етуге қажетті ұйымда расталған құжаттандырылған ақпаратты.

Ескертпе

1 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің құжаттандырылған ақпарат көлемі түрлі ұйымдарда төмендегідей күште әртүрлі ерекшеленуі мүмкін:

- ұйымдардың көлемі және олардың қызмет түрлерінен, процестерден, өнімдерден және қызметтерден;

- процестің күрделіктері және олардың өзара әрекеттесулері;

- қызметкердің құзыреттілігінен.

2 Құжаттандырылған ақпарат жемқорлыққа қарсы әрекеттер менеджменті жүйесінің құрамды бөлімі ретінде жеке сақталуы мүмкін немесе ұйымның құжаттарын сақтау саясатының пәні бола тұра басқа менеджмент жүйесі (мысалы, сәйкестіктер, қаржыландыру, аудит арқылы және т.б.) шегінде басқарылуы мүмкін.

3 Ұсынысты А.17 қараңыз.

7.5.2 Құру және жаңарту

Құжаттандырылған ақпаратты құра және жаңарта отырып, ұйым төмендегілерді қамтамасыз етуге тиіс:

а) жекешелендіру және шығыс деректер (мысалы, атауы, күні, авторы немесе сілтеме нөмірі),

б) формат (мысалы, тіл, программалық қамтамасыз ету нұсқауы, сызбалар) және ақпарат иесі (мысалы, қағаз, электрондық түрі),

с) жарамдылықты және сәйкестікті сақтау мақсатында қайта қараңыз және бекіту.

7.5.3 Құжаттандырылған ақпаратты басқару

Осы стандарт және жемқорлыққа қарсы әрекеттер менеджменті жүйесі талап ететін құжаттандырылған ақпаратты кепілдік беру үшін басқару қажет:

а) ол сол жерде, қайда және қашан қолдану үшін қажетті жарамдылығы және қолжетімділігі;

б) ол тиісті түрде қорғалғандығын (мысалы, құпиялылықты жоғалтудан, дұрыс қолданбау немесе тұтастықты жоғалтудан).

Ұйым құжаттандырылған ақпаратты басқару үшін қаншалықты қолданысты болғанға дейін төмендегі әрекеттерді іске асыруға тиіс:

- тарату, рұқсат, беру және қолдануды қамтамасыз етеді,

- оқылуын сақтауды қоса отырып, тиісті күйінде сақтау және қорғау,

- өзгерістерді бақылау (мысалы, нұсқаны бақылау);

- сақтау мерзімін және жою әдістерін бекіту.

Жемқорлыққа қарсы әрекеттер менеджменті жүйесін жоспарлау және қызметтендіру үшін қажетті ұйым арқылы танылған сыртқы түрдегі құжаттандырылған ақпарат сәйкес түрде жекешелендірілуі және басқарылуы қажет.

Ескертпе. «Рұқсат» термині тек құжаттандырылған ақпаратты қарап қатысты рұқсат берудің шешімін білдіруі немесе құжаттандырылған ақпаратты және т.б. қараңыз және өзгерту құзыреттіліктері мен шешімдерін білдіруі мүмкін.

8 Жұмыс істеу

8.1 Жедел жоспарлау және басқару

Ұйым жемқорлыққа қарсы әрекеттер менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкес қамтамасыз етуге қажетті мониторинг жүргізуі, жоспарлауы және енгізуі және процестерді басқаруға тиіс және 6.1. тармақта анықталған әрекеттерді орындауға тиіс, мына жол арқылы:

- a) процестер үшін критерийлерді орнату;
- b) критерийлерге сәйкес процестерді басқару;
- c) құжаттандырылған ақпараттың процестердің жоспарланғандай түрінде орындалғандығына сенімділікті қамтамасыз ету үшін қажетті көлемде сақтау.

Бұл процестер өзіне 8.2 – 8.10 бөлімдерде көрсетілген басқарудың нақты құралдарын қамтуы қажет.

Ұйым жоспарланған өзгерістерді басқаруға тиіс және қажет болған жағдайда кез келген теріс әсерді төмендету үшін шаралар қолдана отырып қасақана жасалған өзгерістердің салдарына талдау жасауға міндетті.

Ескертпе. Менеджмент жүйесі жөніндегі стандарттардың іргелі тесті аутсорсингті компаниялардың өкілдері іскерлік серіктестер анықтауына қосылғандықтан, осы стандартта келтірілмеген сыртқы тәртіпке (аутсорсинг) талаптан құралады.

8.2 Кешенді тексеріс

Ұйым 4.5 сәйкес жүргізген жемқорлық қауіптерді бағалау жағдайында мыналарға қатысты осы қауіптердің төменнен жоғары деңгейін көрсетсе:

- a) келісімдер, жобалар немесе іс-қимылдың белгілі санаттарына;
- b) іскерлік серіктестердің белгілі бір санаттарымен өзара жоспарланған немесе бар қарым-қатынастарға;
- c) сәйкес позицияларда қызметкердің белгілі санаттарын (7.2.2.2 қараңыз),

ұйым еске салынған санаттағыларға кіретін нақты операциялардың түрлері, жобалар немесе әрекеттер, іскерлік серіктестер мен қызметкерлерге қатысты жемқорлық қауіптердің болуы мен дәрежесін бағалауға тиіс. Бұл бағалау қауіптіліктерді бағалау үшін айқын ақпарат алуда қажетті кез келген комплексті тексерістерді қосып алуға тиіс. Комплексті тексерістер өзгерістер мен жаңа ақпараттарды сәйкес түрде есепке алу үшін белгілі кезеңдікте жүргізілуі қажет.

Ескертпе

1 Ұйым қызметкерлердің белгілі санатын және іскерлік серіктестерді тексерудің қажеті жоқ екендігіне, ол расталмайтындығына немесе қауіптіліктердің мөлшеріне келмейтіндіктеріне қорытынды (шешім) жасай алады.

2 a) – c) тармақшаларында көрсетілген факторлар тізімі түпкілікті болып табылмайды.

3 Ұсыныстарды А.10 қараңыз.

8.3 Қаржылық ортадағы шаралар

Ұйым жемқорлық қауіп-қатерлерді басқару үшін қаржылық бақылау тетіктерін енгізу керек.

Ескертпе. Ұсыныстарды А.11 бөлімінен қараңыз.

8.4 Қаржылық емес ортадағы шаралар

Ұйым жемқорлық қауіп-қатерді басқару үшін сатып алуды бақылау тетіктерін, күнделікті іс-әрекет, сату, жарнамалар және басқа да қаржылық емес құралдардың тетіктерін енгізуге тиіс.

Ескертпе

1 Кез келген келісім, жұмыс немесе өзара қарым-қатынас қаржылық және қаржылық емес бақылау нысаны бола алады.

2 Ұсыныстарды А.12. бөлімнен қараңыз.

8.5 Ұйымдармен және іскерлік серіктестермен бақылауға алынатын жемқорлыққа қарсы мехнизмдерді енгізу

8.5.1 Ұйым өзі бақылауға алатын барлық басқа ұйымдардың не:

а) ұйымның өзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ететін менеджмент жүйесін, не болмаса

б) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ететін өздерінің жеке тетіктерін.

әрбір нақты жағдайда, тек сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерге негізделген және сәйкес келетін көлемде және 4.5 сәйкес өткізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелін бағалауды назарға ала отырып ұйым тап болған көлемде ғана енгізуін талап ететін процедураларды орындау қажет.

Ескертпе. Ұйым басқа ұйымдарды бақылауға тек егер ол осы ұйымның жетекшілігін тікелей және жанама бақылайтын болса ғана алады. (А.13.1.3 қараңыз).

8.5.2 Бақылауға алынбайтын ұйымдардың іскерлік серіктестеріне қатысты сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерді бағалау (4.5 қараңыз) немесе кешенді тексеріс (8.2 қараңыз) бағасы қауіп-қатер деңгейін төменнен жоғары деп бағаласа, және егер де іскерлік серіктестер енгізетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктер тиісті сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерін төмендете алса, ұйым келесі процедураларды жүзеге асыруы қажет:

а) іскерлік серіктестерде тиісті сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерін басқара алатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы енгізілген механизмдердің бар-жоғын анықтауы қажет;

б) егер де іскерлік серіктестерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы енгізілген тетіктер жоқ болса немесе олардың енгізілгенін немесе енгізілмегенін тексеретін мүмкіндік болмаса:

1) егер бұл мақсатты түрде болса ұйым іскерлік серіктестен сәйкес келісімге, жобаға немесе жұмысқа қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді енгізуін талап етуі қажет, немесе

2) іскерлік серіктестен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді енгізуді талап ету мақсатты емес болса, ұйым іскерлік серіктес тап болған сыбайлас жемқорлық тәуекелін бағалау кезінде бұл жағдайды және ұйымның осындай қауіп-қатерлерді басқаратын тәсілдерін есепке алуы керек.

Ескертпе. Ұсыныстарды А.13.бөлімінен қараңыз

8.6 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жағдай

Төменгі деңгейден жоғары сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерге байланыстағы іскерлік серіктестер үшін ұйым, бұл қаншалықты тәжірибелі түрде қолданылуын талап ететін процедураларды енгізуі қажет :

а) іскерлік серіктестер өздерінің тарапынан, өздерінің атынан немесе өздерінің пайдасына сәйкес келісімге, жобаға, жұмысқа немесе қатынастарға қатысты сыбайлас жемқорлықты ескерту міндеттерін алды;

б) ұйым егер де осы серіктестік тарапынан, оның атынан немесе оның пайдасына сәйкес келісімге, жобаға, жұмысқа немесе қатынастарға қатысты сыбайлас жемқорлық анықталатын болса, қатынасты тоқтату мүмкіндігін алады.

Егер жоғарыда «а» және «б» келтірілген талаптарды орындау мүлдем мақсатқа сай болмаса, онда оны іскерлік серіктестермен өзара қарым-қатынасқа байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелін бағалау барысында назарға алу керек (4.5 және 8.2 қараңыз).

Ескертпе. Ұсыныстарды А.14. бөлімінен қараңыз

8.7 Сыйлықтар, өкілдіктік шығындар, қайырымдылық және сол тәрізді пайдалар

Ұйым сыйлықтарды, шығындарды төлеуді, қайырымдылық төлемдерді ұсыну мен қабылдаудың немесе сол сияқты пайдалар алудың алдын алу мақсатындағы процедураларды енгізу керек, егер ондай ұсыныстар немесе қабылдаулар пара болып табылса немесе пара ретінде негізді түрде қарастырылатын болса.

Ескертпе. Ұсыныстарды А.15.бөлімінен қараңыз

8.8 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттерге сәйкес келмейтін тетіктер кезіндегі шаралар

Егер белгілі бір келісім, жоба, жұмыс немесе іскерлік серіктестермен қатынастарға қатысты жүргізілген кешенді тексеріс (8.2 қараңыз) сыбайлас жемқорлық қауіп-қатері, қолда бар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ететін осындай үлгідегі тетіктермен басқарыла алмайтынын анықтаса, және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ететін қосымша немесе жақсартылған тетіктерді енгізе алмаса немесе енгізуді қалмаса немесе ұйымның тиісті сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерін басқара алатын мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін лайықты басқа да қадамдарға бара алмаса немесе бармаса, ұйым:

а) бұрыннан келісім, жоба, жұмыс немесе қатынастар болған жағдайда сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерге немесе келісімнің, жобаның, жұмыстың немесе қатынастың сипатына сәйкес бар мүмкіндігінше тезірек тоқтату, ұзу, кідірту немесе одан шығу қадамына бару керек;

б) жаңа келісімдер, жобалар, қызметтер немесе қатынастар ұсынылған жағдайда олардың ұсыныстарын кейінге қалдыруы немесе қабыл алмауға тиіс.

8.9 Алаңдаушылық білдіру (Күдік туралы хабарлау)

Ұйым:

а) қызметкерлерге қамтамасыз ету қызметіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтауды қамтамасыз етуді немесе сәйкес лауазымды тұлғаларға (немесе тікелей, немесе сәйкес үшінші тарап арқылы) сыбайлас жемқорлық немесе басқа да кез келген бұзушылықтар әрекеттері, күдіктері немесе орын алған оқиға туралы, сонымен қатар менеджмент жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың әлсіздігі туралы хабарлау мүмкіндігін беретін;

б) тергеу ісін жалғастыру жұмыстарына қажетті немесе бұл заңмен анықталған жағдайларды қоспағанда, яғни хабарлама көздері мен хабарламаға қатысы бар басқа да тараптардың, немесе хабарламада аталған тараптардың сәйкестігін болдырмау үшін ұйымның хабарламаны жасырын тәртіппен қараңызын талап еткенде;

с) анонимді хабарлама беруге мүмкіндік беретін;

д) жазалау шараларына тыйым салатын және кімде-кім ерікті ниеттеніп немесе негізді сеніммен орны анықталған пара беру немесе жорамалды түрде пара беретін күдігі туралы немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі талаптарының бұзылғандығы тура хабарлама берсе оларды жазалау шараларынан қорғайтын;

е) қызметкерлердің егер олар сыбайлас жемқорлықпен байланысты жағдайларға немесе мәселелерге тап болғанда қандай әрекеттер жасау керектігі жөнінде сәйкес тараптардан кеңестер ала алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін процедураларды енгізу керек

Ұйым барлық қызметкерлердің ақпарат алу процедураларымен танысқандығына және оларды пайдаланатын мүмкіндігі бар екенінен, сонымен қатар осы процедуралармен қамтамасыз етілетін өз құқықтары мен қорғану шаралары туралы танысқандығы туралы кепіл беруі керек.

ҚР СТ 3049-2017

Ескертпелер

1 Бұл процедуралар басқа түрдегі мәселелер (қауіпсіздікпен, қызметіне асыра пайдаланумен, заңға қайшы әрекеттермен немесе басқа да күрделі қауіп-қатермен байланысты) туралы хабарлау үшін қолданылатындардың өзі немесе солардың бөлігі болуы мүмкін.

2 Ұйым өзінің мүддесі үшін ақпараттандыру жүйесін басқару мақсатында басқа ұйымда қатыстыра алады.

3 Кейбір заңнамаларда b) және c) заңнамалық тұрғыда тыйым салынған. Мұндай жағдайларда ұйымның құжаттары талаптарға сай келмейді.

8.10 Сыбайлас жемқорлыққа қатысты тергеулер мен қабылданған шаралар

Ұйым:

a) сыбайлас жемқорлық жағдайы тергеуді, анықталған немесе болжанған немесе ақпарат келіп түскен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі талаптарының бұзылуын бағалауды талап ететін, және оны қайда қолданатын;

b) егер тергеу сыбайлас жемқорлық фактісін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі талаптарының бұзылғандығын анықтаса қажетті шараларды қабылдауды талап ететін;

c) тергеу жүргізетін тұлғаларға өкілеттік беріп, мүмкіндік туғызатын;

d) лайықты қызметкерден тергеуде ынтымақтастық орнатуын талап ететін; және

e) тергеу жағдайы мен нәтижелері туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкес келуін қамтамасыз ететін қызмет орындары және белгілі бір деңгейде қолданылатын шамада нормативті-құқықтық сәйкестігін қамтамасыз ететін басқа да қызмет орындары хабардар болуын талап ететін.

f) тергеу мен тергеу нәтижелерінің құпиялығын талап ететін процедураларды енгізу керек.

Тергеу жүргізілу керек және ақпарат лауазымы жоқ және тергеуге қатысты қызметтерді атқаруға араластырылмаған қызметкерлерге берілуі керек. Ұйым тергеу жүргізу үшін басқа ұйымды қатыстыра алады және тергеу нәтижелері туралы ақпараттандыруға лауазымы жоқ және тергеуге қатысты қызметтерді атқаруға араластырылмаған қызметкерлерді қатыстыра алады.

Ескертпелер

1 Ұсынысты А.18. бөлімінен қараңыз

2 Кейбір заңнамаларда f) заңнамалық деңгейде тыйым салынған. Мұндай жағдайларда ұйымның құжаттары талаптарға сай келмейді.

9 Қызмет нәтижелерін бағалау

9.1 Мониторингтеу, өлшеу, талдау және бағалау

Ұйым:

a) нені қадағалау және нені өлшеу керектігін;

b) мониторингке жауап беретін тұлғаларды;

c) мониторингтеу, өлшеу, талдау және бағалау әдістерін, және жарамды ақпарат алуына кепіл беру үшін оларды қаншалықты қолдануға болатындығын;

d) мониторинг пен өлшеу қашан орындалу керектігін;

e) мониторингтеу мен өлшеу нәтижелерін қашан талдау және бағалау керектігін;

f) осыған ұқсас ақпараттарды қашан беру керектігін;

g) осыған ұқсас ақпараттар кімге және қалай берілгендігін анықтау керек.

Ұйым тиісті құжатталған ақпаратты қолданылған әдістер мен алынған нәтижелердің куәлігі ретінде бағалауы керек.

Ұйым сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтің көрсеткіштері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің нәтижелігін бағалау керек.

Ескертпе. Ұсыныстарды А.19. бөлімнен қараңыз

9.2 Ішкі аудит

9.2.1 Ұйым мерзімді жоспарланған ішкі аудитті жүргізу керек, тексеру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі:

- 1) ұйымның оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджмент жүйесі өз талабына;
- 2) осы стандарт талабына;
 - а) сәйкес келе ме;
 - б) жұмыс жағдайына тиімді қолдануға.

Ескертпелер

- 1 Менеджмент жүйесі аудиті бойынша нұсқаулық көрсеткіштер ISO 19011 келтірілген.
- 2 Ішкі аудитпен қамтылған ұйымда қолданылу саласы мен аумағы ұйымның көлемін, құрылымын, жетілуін және орналасуын қосқанда әртүрлі факторларға байланысты өзгеруі мүмкін.

9.2.2 Ұйымның міндеті:

- а) аудит бағдарламасын (бағдарламаларын) мерзімді өткізуді, әдістерін, жауапкершілігін, тексерілетін процестердің маңыздылығын және алдыңғы аудиттердің нәтижелерін ескере отырып жоспарлауға және есепке қойылатын талаптарды қосқанда, жоспарлау, дайындау, орындау және басқару,;
- б) әрбір аудит үшін критерилер мен саланы анықтау;
- с) құзыретті аудиттерді таңдау және аудит процесінің дұрыстығына және туралығына кепіл беретіндей аудит жүргізу;
- д) аудит нәтижелері тиісті басшыларға, жоғарыдағы басшыға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ететін қызметке жіберілгендігіне кепіл беру;
- е) аудит бағдарламасының орындалғандығына куәлік ететін құжатталған ақпарат пен аудит нәтижелерін сақтау.

9.2.3 Бұл аудиттер дәлелді, жағдайға сәйкес және қауіп-қатерге құрылған болуы керек. Мұндай аудиттерде ішкі аудит процестері және үйренуге, орындау тәсілдерін, басқару құралдары мен:

- а) сыбайлас жемқорлық немесе болжалды сыбайлас жемқорлық;
- б) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелерінің талаптарына сәйкессіздігі;
- с) іскерлік серіктестердің ұйымның әрекеттегі талаптарына сәйкес бола алмауы; және
- д) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінде немесе оны жақсарту мүмкіндігінде әлсіз тұстарының болуы жүйелерін талдауға бағытталған басқа да процедуралардан тұруы қажет.

9.2.4 Аудит бағдарламасының дұрыстығын және алдын-ала жоспарланбағандығын қамтамасыз ету үшін ұйым бұл аудиттардың:

- а) осы процесті орындау үшін құрылған немесе белгіленген тәуелсіз қызметкерлермен немесе бөлімшелермен; немесе
- б) егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ететін қызметпен (егер де аудит саласына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджмент жүйесінің өзін бағалауды немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестігін

ҚР СТ 3049-2017

қамтамасыз ететін қызмет жауапкершілік танытатын басқа да қызметтерді қоспаса); немесе

- с) аудитқа жатпайтын бөлімшелердегі лайықты тараппен; немесе
- д) лайықты үшінші тараппен; немесе
- е) «а» - «д». қосымша пунктіінде көрсетілген топпен жүзеге асырылатындығына кепіл беруге тиіс.

Ұйым аудитордың оны немесе оның жеке жұмысын тексермейтіндігіне кепіл беруге тиіс.

Ескертпе. Нұсқаулықты А.16.бөлімінен қараңыз.

9.3 Басшы тарапынан талдау

9.3.1 Жоғары басшылық тарапынан талдау

Жоғары басшылық ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің үнемі жарамды, сәйкес болуына және нәтиже беруіне кепілдік беру үшін оны мерзімді жоспарлай отырып талдау керек.

Жоғары басшылық жүргізетін талдауда мыналар ескерілуі қажет:

- а) алдыңғы талдау қарастырылған шараның жағдайы;
- б) сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі үшін маңызды ішкі және сыртқы факторлардың жағдайының өзгеруі;

с)

- 1) сәйкессіздік пен түзету қызметіндегі;
- 2) мониторинг пен өлшеу нәтижесіндегі;
- 3) аудиттердің нәтижесіндегі;
- 4) сыбайлас жемқорлық туралы есептердегі;
- 5) тергеулердегі;

б) ұйым ұшырасатын сыбайлас жемқорлық қауіп-қатердің сипаты мен деңгейіндегі үрдістерді қосқанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің қызмет ететіндігі мен нәтижелігі туралы ақпаратты;

д) сыбайлас жемқорлық тәуекелін өңдеу үшін қабылданған іс-қимылдың нәтижелігі;

е) 10.02 ережесіне сай сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін үнемі жақсарту мүмкіндігі.

Жоғары басшылық жүргізген талдаудың нәтижелеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіндегі өзгерістерді кез келген талаппен үнемі жақсарту мүмкіндіктерімен байланысты шешімдер кіруге тиіс.

Жоғары басшылық жүргізген талдаудың қорытынды нәтижелерін басқарушы органға жөнелту керек.

9.3.2 Басқарушы орган тарапынан талдау

Басқарушы орган (еге бар болса) жоғары басшылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ететін қызмет берген ақпаратқа, сонымен қатар атқарушы орган талап ететін және ала алатын басқа да ақпаратқа негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін жиі – жиі талдауды жүзеге асыру қажет.

Ұйым қорытынды құжатталған ақпаратты атқарушы орган жүргізген талдаулардың нәтижесінің куәлігі ретінде сақтауы керек.

9.4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ететін қызметке шолу

Мұндай қызмет үнем бағалап отыруға тиіс:

- а) сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі ұйым тап болатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тиімді шешуге қабілеті жететін жетпейтіндігін;

б) сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі тиімді енгізілу енгізілмеуін.

Мұндай қызмет есептерді белгілі бір мерзімге сәйкес және белгілі бір жағдайларда басқарушы органға немесе жоғары органға, немесе басқарушы органның немесе жоғары басшылықтың сәйкес комитетіне беруге тиіс. Есептің ішінде тергеу мен аудит нәтижелерін қосқанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің тиімділігі мен қолданылуы туралы ақпараттар болуға тиіс.

Ескертпелер

1 Мұндай есептерді беру жиілігі ұйымның талап етуіне байланысты. Есепті жыл сайын жасау ұсынылады.

2 Егер іскерлік серіктестің бақылауы көрсетілген қызметке, жоғары басшылыққа немесе басқарушы органға (егер ондай бар болса) жіберілетін болса, мұндай тексерістер кезінде ұйымға іскерлік серіктестің көмегі қажет болуы мүмкін.

10 Жақсарту

10.1 Сәйкессіздік және түзетуші әрекет

Сәйкессіздік анықталған жағдайда ұйымның міндеті:

а) сәйкессіздікке мүмкін болатын шамада тез арада назар аудару қажет:

1) сәйкессіздікті басқару мен оны түзету бойынша әрекеттерді қабылдау;

2) салдарына қатысты шешімдер шығару;

б) мыналар:

1) сәйкессіздік талдауы;

2) сәйкессіздік себебін анықтау;

3) осындай сәйкессіздіктерді немесе олардың әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау арқылы сәйкессіздіктің қайталанбауы немесе басқа жерде пайда болмауы үшін сәйкессіздік себептерін жою бойынша әрекеттегі талапты бағалау;

с) кез келген қажетті әрекеттерді жүзеге асыру;

д) барлық қабылданған түзетуші іс-қимылдың нәтижелігін талдау;

е) егер қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджмент жүйесіне өзгерістер енгізу.

Түзетуші әрекеттер анықталған сәйкессіздік салдарына сәйкес келуге тиіс.

Ұйым құжатталған ақпараттарды:

- сәйкессіздік сипаты мен кез келген кейіннен қабылданған шаралардың;

- кез келген түзетуші іс-қимылдың нәтижелерінің куәлігі ретінде сақтауы қажет.

Ескертпе. Нұсқаулықты А.20 бөлімінен қараңыз

10.2 Үнемі жақсарту

Ұйым сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің жарамдылығын, сәйкестігін және нәтижелігін үнемі жақсартып отыруы қажет.

Ескертпе. Нұсқаулықты А.20. бөлімінен қараңыз

А қосымшасы
(ақпараттық)**Осы стандартты қолдану жөніндегі нұсқаулық****А.1 Жалпы ережелері**

Осы қосымшадағы нұсқаулықтар тек түсіндірме сипатта. Олардың мақсаты – ұйым сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін енгізу кезінде қабылдауы мүмкін әрекет түрлерін кейбір нақты салаларға көрсету. Қосымша жеткілікті толықтыққа талаптанбайды және нормативті сипатта емес. Сонымен бірге осы стандарттың талаптарын қанағаттандыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіне ие болу үшін осында келтірілген қадамдарды орындауды талап етпейді. Ұйым қабылдайтын нақты әрекеттер ұйым тап болатын сыбайлас жемқорлық қауіп-қатердің сипаты мен деңгейін (4.5 және 4.1 пен 4.2 факторларын қараңыз) есепке алатын, дәлелді және сәйкес болуға тиіс.

Библиографияда жетекші тәжірибелер туралы айтылған кейбір бүкіл әлемде мойындаған жарияланымдар көрсетілген.

А.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін қолдану саласы

А.2.1 Жеке немесе біріктірілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі.

Ұйым біріктірілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін енгізуді жеке жүйе ретінде де немесе жалпы сәйкестік менеджменті жүйесінің құрамдас бөлігі (мұндай жағдайда ұйым ISO 19600 басшылығына бара алады) ретінде де таңдай алады. Ұйым сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін енгізуді жеке немесе менеджменттің сапа менеджменті, экологиялық менеджмент және қауіпсіздік жүйелері секілді басқа да жүйелерінің бөлігі ретінде таңдай алады (мұндай жағдайда ұйым ISO 9001, ISO 14001, ISO 26000 және ISO 31000 бара алады).

А.2.2 Ресмилік пен бопсалаушылықты жеңілдеткені үшін сыйақы.

А.2.2.1 Ресмилікті жеңілдеткені үшін сыйақы – бұл термин кейде төлеуші қызметі үшін қандайда бір қосымша төлемдерсіз заңды түрде жүргізуге құқы бар заңсыз немесе ресми емес төлем дегенді білдіреді. Бұл әдетте көпшілік тұлғаға немесе рұқсат етілген қызметтері бар тұлғаларға виза беру, жұмысқа рұқсат ету, кедендік ресімдеулер немесе телефон орнату тәрізді рұқсат етілген немесе қажетті іс-қимылдың орындалуын сақтандыру немесе жылдамдату мақсатында жіберілген салыстырмалы түрде шағын сома. Ресмилікті жеңілдеткені үшін сыйақыны әдетте мысалы келісімшартты ұтып алуы үшін берілетін парадан гөрі өте жақсы сипатта қарастырылады. Ондай пара көптеген жерде заңсыз болып табылады және осы стандарттың аясында пара ретінде түсіндіріледі, және сәйкесінше сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесімен тыйым салынуға тиіс.

А.2.2.2 Бопсалаушылық дегеніміз – бұл денсаулыққа, қауіпсіздікке және бостандыққа нақты және болжалды қауіп төндіре отырып, қызметкерлерді төлеуге мәжбүрлеу, ол осы стандартты қолдану саласына кірмейді. Адамның қауіпсіздігі мен бостандығы бәрінен жоғары және көптеген құқықтық жүйелер адамның дәлелді түрде өз денсаулығына, қауіпсіздігіне және бостандығына алаңдаушыларды бопсалаумен байланысты төлемдер үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырмайды. Бұдан шығатыны, ұйымның адамдардың өздерінің денсаулығына, қауіпсіздігіне және бостандығына деген қорқынышы болған жағдайларда қызметкерлерге ақша төлеуге рұқсат ететін саясаты болуы мүмкін.

А.2.2.3 Ұйым жоғарыда келтірілген төлем талаптарымен тап келген кез келген қызметкерге мұндай жағдайда не істеу керек және одан қалай құтылуға болатыны жөнінде нақты нұсқаулықтар беруге тиіс. Ондай нұсқаулықтарға мыналар кіреді:

а) төлем талаптарына тап болған кез келген қызметкер қабылдауға тиіс қажетті әрекетті көрсету, мысалы:

1) ресмилікті жеңілдету үшін сыйақы талап еткен жағдайда төлемнің заңдылығын нақтылауды және ресми төлем стандарттарын сұрау, және егер де қанағаттанарлық жауап болмаса төлемнен бас тарту керек;

2) бопсалаған жағдайда, егер денсаулыққа, қауіпсіздікке немесе бостандыққа немесе басқа да нәрселерге қауіп төніп тұрса, келісу;

б) ресмилікті жеңілдеткені үшін берген сыйақыны немесе бопсалағаны үшін берген төлемді бергеннен кейін қызметкердің қабылдауға тиіс қажетті әрекетті көрсету:

1) оқиғаны айқындау;

2) оқиға туралы ақпаратты тиісті басшыға немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестікті қамтамасыз ететін қызметке беру;

с) қызметкері ресмилікті жеңілдету үшін немесе бопсалаған сомасын төлеген жағдайда ұйымның қабылдауға тиіс қажетті әрекеттерін көрсету:

1) оқиғаны тергеу үшін тиісті басшыны тағайындау (шамамен сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестікті қамтамасыз ететін қызметтер немесе аталған қызметкер жұмыс істейтін, немесе атқаратын лауазымына қатысты бөлімшелерге тәуелсіз басшыны);

2) ұйымдардың шоттарындағы төлемнің тиісті көрінісі;

3) егер қолдануға болса немесе заң бойынша талап етілсе онда тиісті өкілетті органдарға төлем туралы ақпаратты беру.

А.3 Дәлелділік және мөлшерлестік

А.3.1 Сыбайлас жемқорлық (пара алушылық) әдетте жасырылады. Оның алдын-алу, анықтау және дәйекті шаралар қолдану қиын болады. Осы қиындықтарды мойындай отырып басқарушы органдар мен ұйымның жоғары басшыларында не болуға тиіс дегенге осы стандарт толықтай бағытталған:

- ұйымның бизнесімен немесе оның қызметімен байланысты сыбайлас жемқорлық болған жағдайда алдын-алуға, анықтауға және шаралар қолдануға шынымен ден қоюы керек;

- және шын ниеттенген жағдайда, сыбайлас жемқорлық жағдайы болғанда алдын-алу, анықтау және шаралар қолдану мақсатында дайындалған ұйым аясында шараларды жүзеге асырылуын қажет етеді.

Бұл шаралар ұйым үшін қиын болатындай немесе бизнесті тоқтатуға әкелетіндей соншалықты шығыны, ауыртпалығы көп және бюрократталған болмайды. Мұндай шаралар сыбайлас жемқорлық тәуекеліне сәйкес келуі және сыбайлас жемқорлық жағдайының алдын-алуды, анықтауды және шараларды қолдануды сәтті түрде жүзеге асыруға дәлелді мүмкіншіліктері болуы керек.

А.3.2 Жүзеге асырылуға тиіс сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар дәлелденген үздік халықаралық тәжірибе болған кезде, ал олардың кейбіреуі осы стандарттың талаптары ретінде енгізілген кезде, осы шараларды жүзеге асыру бөлімдері сәйкес жағдайға байланысты кеңінен өзгеріп отырады. Осылайша, белгілі бір нақты жағдайларда ұйымның қандай шара қолдануға тиіс екендігі туралы нақты, егжей-тегжейлі жазу мүмкін емес. Осы стандартта дәлелденген және тиісті білікті белгілер берілген, сондықтан да әрбір жағдайдың сипатына қарай баға берілуі мүмкін.

А.3.3 Келесі мысалдар дәлелденген және тиісті білікті белгілердің әртүрлі жағдайларда қолданылуы туралы белгілі бір түсінік береді:

а) Өте үлкен көпұлтты компания басқарудың бірнеше деңгейімен және мыңдаған жұмысшымен жұмыс жасау қажеттілігіне душар болуы мүмкін. Оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі, сол себепті де бірнеше қызметкері бар шағын ұйымның жағдайына қарағанда ереже бойынша көбірек талдап тексеруді қажет етеді.

б) Жоғары сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерді аймағында өз қызметін жүргізетін ұйымдар өз қызметін сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары емес, сыбайлас жемқорлықпен айналысу салыстырмалы түрде өте сирек кездесетін құбылыс болып табылатын жерлерде жүргізетін ұйымдарға қарағанда, сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерді толықтай бағалау және кешенді тексерісдің толықтай процедурасы, сонымен қатар оның осы аймақтардағы іскерлік операцияларына қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылаудың ең жоғары деңгейі қажет етіледі.

с) Сыбайлас жемқорлық кез келген келісімер немесе жұмыстарға қатысты бар болса да, сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерді бағалау, кешенді тексеріс процедурасы және көптеген іскерлік серіктестер қатысатын ірі құнды келісімдер немесе жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдар енгізген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды басқару құралдары, сатылымда жаппай сатып алушыларға арзан бағада сататын немесе бір ғана қатысушымен шағын келісімге отыратын бизнеске қатысты ұйымның жүзеге асыратындарына қарағанда анағұрлым толық болуы мүмкін.

д) Көп іскерлік серіктестері бар ұйымдар, сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерді бағалау аясында жекелеп сатып алушылар секілді іскерлік серіктестердің белгілі бір категориялары сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерге қатысты жоғары қауіп төндірмейді және бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін дайындауда және енгізу кезінде назарға алынуға тиіс. Мысалы, ұйымнан жалпы сұранысқа ие тауарлары сатып алатын жекелей сатып алушыларға қатысты кешенді тексеріс маңызды немесе дәлелді шара болуы екіталай.

А.4 Жемқорлық қауіп-қатерін бағалау

А.4.1 4.5 тармағы талап ететін жемқорлық қауіп-қатерін бағалаудың мақсаты ұйымның жемқорлыққа қарсы әрекеті менеджмент жүйесі үшін ұйымның мықты іргетасын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай бағалау жүйесі жүйе назар аударатын жемқорлық қауіп-қатерлерін анықтайды; басқаша айтқанда, ұйымның оларды төмендету бойынша басымдықтар ретінде қарастыратын жемқорлық қауіп-қатерлері, құзыретті қызметкерлерді тағайындау, ресурстар мен тапсырмаларды бақылауды енгізу. Ұйым жемқорлық қауіп-қатерін бағалауды қалай жүргізеді, қандай әдістемені қолданады, жемқорлық қауіп-қатерлері өлшенеді және олардың басымдылықтары қалай анықталады, жемқорлық қауіп-қатерлерінің қолайлылық деңгейі (яғни қауіп-қатерге бейімділігі) немесе олардың шектері қандай, осының барлығы ұйымның қараңызында қалады. Сондай-ақ, ұйым сыбайлас жемқорлық тәуекелін бағалау критерийлерін өзі белгілейді (яғни, тәуекел «төмен», «орташа» немесе «жоғары» деңгейдегі қауіп-қатерге жататынын), сонымен бірге ұйым өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеті саясаты мен мақсатын ескеруі қажет. Төменде осындай бағалауды жүзеге асыру барысында ұйым қалай таңдау жасай алатыны бойынша мысал келтіріледі

а) Сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерді бағалаудың критерийін таңдау. Мысалы, ұйым үш деңгейлі критерийді таңдауы мүмкін: мысалы, например, «төмен», «орташа» және «жоғары» немесе неғұрлым егжей-тегжейленген 5 немесе 7 немесе одан да егжей-тегжейленген. Ережеге сай критерий сыбайлас жемқорлық тәуекелі сипатымен қоса, пара алу жағдайының болу мүмкіндігі және егер болып жатса оның салдарының қауіптілігін қоса бірнеше факторларды ескереді.

б) Ұйымның мөлшері мен құрылымынан туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау. Бір орында бірнеше тұлғамен орталықтандырылған басқарудағы шағын ұйымдар өте үлкен, құрылымы орталықтандырылмаған және қызметін көптеген аймақтарда жүзеге асыратын ұйымдармен салыстырғанда өздерінің сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерді бақылауға қабілетті болады.

с) Ұйым жұмыс істейтін немесе істеуді жоспарлайтын аймақтар мен салаларға талдау жасау және осы аймақтар мен салалармен байланысты сыбайлас жемқорлық қауіп-қатер деңгейін бағалау. Мұндай бағалауда сыбайлас жемқорлықтың сәйкес индексі пайдалы болуы мүмкін. Сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерді жоғары аймақтар немесе салаларды ұйым «орташа» немесе «жоғары» деп қарастырады, ал ол соңында осы ұйымдар мен салалар қызметіне ұйымның қолданатын қатаң бақылау деңгейін енгізуге әкелуі мүмкін.

д) Ұйым жүзеге асыратын қызмет және операциялар түрлерінің сипатын, ауқымын және күрделілігін бағалау.

1) Мысалы, түрлі жерлерде көптеген ірі құрылыстық жобаларға жұмылдырылған ұйымдармен салыстырғанда бір орында кішірек өндірісі бар ұйымдарда сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерді бақылау жеңілірек болуы мүмкін.

2) Кейбір қызмет түрлері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің айрықша түрлерін алып жүреді. Мысалы, міндеттемелерді өзара есепке алу, соның аясында өнімдер мен қызметтерді сатып алатын ел үкіметі өнімді жеткізушіден келісімшарт бағасының кейбір бөлігін сатып алу-еліне қайта инвестициялауды талап етеді. Ұйым міндеттемелерді өзара есепке алу пара емес екеніне кепілдік беретін сәйкес шараларды қолдану қажет.

е) Ұйымның іс жүзінде бар және әлеуетті іскерлік серіктестерді категория бойынша үлестіру және болуы мүмкін сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерді бағалау. Мысалы:

1) Ұйымнан бағасы өте арзан өнімді сатып алатын және іс жүзінде ұйым үшін сыбайлас жемқорлық қауіп-қатер төмен қауіпін көрсететін ұйымның көптеген тұтынушылары болуы мүмкін. Мұндай жағдайда, ұйым бұндай сатып алушыларды сыбайлас жемқорлық тарапынан «төмен қауіп-қатерлі» деп санайды және бұл тұтынушыларға қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы ерекше шараларды қолданудың қажеті жоқ екенін қабылдайды. Керісінше, ұйым өте қымбат өнімді сатып алатын және елеулі сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерді тудыратын тұтынушылармен бизнес жүргізуі мүмкін (мысалы, ұйым төлемдерді қайтару үшін, келісім жасағаны үшін және т.б. пара талап ету қауіп-қатері). Мұндай тұтынушылар сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлердің «орташа» және «жоғары» деңгейінде қабылдануы мүмкін және осылайша, ұйым тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрделі іс-шараларды талап етеді.

2) Түрлі категориядағы өнім берушілер түрлі деңгейдегі қауіп-қатерлерді тудыруы мүмкін. Мысалы, жұмыс аумағы үлкен өнім берушілер немесе ұйым клиенттерімен, тұтынушылармен немесе сәйкес көпшілік қызметтегі тұлғалармен қарым-қатынаста болатындар сыбайлас жемқорлық қауіп-қатердің «орташа» немесе «жоғары» деңгейінде болуы мүмкін. Кейбір өнім берушілер бұл қауіп-қатерлердің төмен деңгейіне сәйкес келеді, мысалы, келісімге әсер етуге қабілетті көпшілік қызметтегі тұлғалармен немесе клиенттермен, ұйымның тұтынушыларымен қатынаста болмайтын жемқорлық қауіп-қатер деңгейі төмен аймақтардағы өнім берушілер. Кейбір категориядағы өнім берушілер өте төмен жемқорлық қауіп-қатеріне жатады, мысалы, қымбат емес тауарлардың кішірек топтамасының өнім берушілері, әуе билетін сатып алу немесе мейманханаларды брондау және т.б. бойынша интернет-қызметтерінің пайдаланушылары. Ұйым келесідей қорытынды жасауы мүмкін: төмен немесе өте төмен қауіп қатаер деңгейіндегі өнім берушілерге қатысты жемқорлыққа қарсы ерекше шаралар жүргізудің қажеті жоқ.

3) Ұйымның атынан ұйымның клиенттерімен және көпшілік қызметтегі тұлғалармен өзара әрекет ететін агенттер немесе делдалдар жемқорлық қауіп-қатерінің

«орташа» немесе «жоғары» деңгейін тудырады, әсіресе егер оларға сәтті нәтиже үшін комиссиялық сыйақы немесе бонустар төленсе.

f) жемқорлық қауіп-қатерін тудыратын ұлттық немесе шетел көпшілік қызметтегі тұлғалармен өзара әрекет жасау сипаты мен жиілігін бағалау. Мысалы, рұқсат немесе келісім беретін көпшілік қызметтегі тұлғалармен қарым-қатынас жасау жемқорлық қауіп-қатерін тудыруы мүмкін.

g) Мысалы, көпшілік қызметтегі тұлғалармен өкілдік шығындарға немесе агенттерді пайдалануға тыйым салу немесе шектеу сияқты қолданыстағы заңнамалық, келісімдік және кәсіптік міндеттемелер мен міндеттерді бағалау

h) Ұйымның бағаланған қауіп-қатерлерге әсер ету немесе басқару дәрежесін есепке алу.

Жоғарыда келтірілген жемқорлық қауіп-қатерлері бір-біріне берілуі мүмкін. Мысалы, кейбір категориядағы өнім берушілер жұмыс істейтін аймағына байланысты жемқорлықтың түрлі қауіп-қатерін тудыруы мүмкін.

A.4.2 Сәйкес жемқорлық қауіп-қатерлерін бағалаудан кейін ұйым түрлі категориядағы қауіп-қатерлер үшін қолданылатын және қолданылған шараларды баламалылық екенін бағалай алатын жемқорлыққа қарсы шаралардың типі мен деңгейін анықтай алады. Болмаған жағдайда, басқарудың сәйкес құралдары жетілдірілуі мүмкін. Мысалы, бақылаудың тым қатал деңгейі негізінен аймақта жемқорлықтың жоғары қауіп-қатерлерді тапқан жағдайда және қауіп-қатер қауіп жоғары категорияға жататын іскерлік серіктестер болған жағдайда қолданылады. Ұйым жемқорлық қауіп-қатері төмен деңгейдегі іскерлік серіктестердің қызметі үшін де бақылаудың жоғары деңгейін қолдану қажет емес деп шешуі мүмкін. Аталған стандарттағы кейбір бөлімдер осы бөлімдердегі талаптарды жемқорлық қауіп-қатері төмен деңгейдегі іскерлік серіктестердің қызметіне қолдану қажеттілігін тікелей жоққа шығарады (дегенмен ұйым өз еркі бойынша қолдана алады).

A.4.3 Ұйым келісімнің, жобаның, жұмыстың сипатын немесе өзара байланысын жемқорлық қауіп-қатерінің сипаты мен дәрежесі жемқорлыққа қарсы сәйкес, жетілдірілген немесе қосымша шаралармен басқару үшін тиімді болатын деңгейге дейін төмендеу үшін өзгертуі мүмкін.

A.4.4 Жемқорлық қауіп-қатерін бағалау кең масштабты немесе өте күрделі міндет болмауға тиіс. Сондай-ақ бағалау нәтижелерінің дұрыстығын дәлелдер міндетті түрде болуы керек деп саналмайды (мысалы, жемқорлық қауіп-қатерінің төмен деңгейіне жатады деп бағаланған келісімде пара алынғаны анықталуы мүмкін). Жемқорлық қауіп-қатерін бағалаудың нәтижелері ұйымда кездесетін нақты қауіп-қатерлерлі көрсетуі мүмкін. Іс-шаралар ұйымға оның жемқорлық қауіп-қатерлерін бағалауға және басымдықтары бойынша орын-орнына қоюға көмектесетін инструмент ретінде болуы қажет, сондай-ақ, олар қайта-қайта талданып, ұйымдағы өзгерістер мен жағдайларды ескере отырып қайта қарастырылып отыруға тиіс (мысалы, өнімді өткізудің жаңа нарықтары, заңнамалық талаптар, алынған тәжірибе және т.б.).

Ескертпе - Неғұрлым нақты ұсынымдар ISO 31000 келтірілген.

A.5 Басқарушы органның және жоғары басшылықтың қызметтері мен міндеттері

A.5.1 Көптеген ұйымдарда ұйым қызметін бақылау бойынша жалпы міндеттерге ие директорлар кеңесі, қадағалау кеңесі сияқты белгілі бір форматтағы басқару органдары бар. Бұл міндеттерге жемқорлыққа қарсы әрекеттер менеджмент жүйесімен байланысты бақылау да жатады. Дегенмен, басқарушы орган әдетте ұйымның ұқсас қызметтерін күнделікті басшылық жасамайды: бұл орындаушы басшылықтың айрықша құзыреті

(мысалы, ұйымның басшысының, орындаушы директордың және т.б.), бұл аталған стандартта «жоғарғы басшылық» терминмен белгіленген. Осылайша, жемқорлыққа қарсы әрекеттер менеджмент жүйесіне қатысты басқарушы орган жүйе және жүйенің жұмысы жөнінде жақсы хабардар болуға тиіс және жүйенің сәйкестігіне, нәтижелілігіне және қызмет етуіне қатысты тиісті бақылауды жүзеге асыруға тиіс. Ол жүйенің жұмысы туралы ақпаратты менеджментті талдау үрдісінен үздіксіз алып отыруға міндетті (ақпарат басқару органының барлық мүшелеріне, сондай-ақ орган комитетіне де, мысалы аудит жөніндегі комитетке түсуі мүмкін). Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз ететін қызметтің жүйе жөніндегі ақпаратты тәкелей орган басқарушысына жеткізу мүмкіндігі болу тиіс (немесе оның сәйкес комитетіне).

A.5.2 Кейбір ұйымдарда, әсіресе кішірек ұйымдарда жеке басқару органы болмауы мүмкін немесе басқарушы орган мен орындаушы басшылықтың қызметтері бір топқа бірлестірілуі мүмкін немесе тіпті бір тұлғамен жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда, бұл топ немесе тұлға аталған стандартта жоғары басшылық пен басқарушы органға белгіленген міндеттерге ие болады.

Ескертпе – Басшылықтың міндеттемелерін жиірек «басшылықтың басты саласы» немесе «басшылыққа қойылатын мінез түрі» деп атайды.

A.6 Жемқорлыққа қарсы нормалардың сәйкестігін қамтамасыз ететін қызмет

A.6.1 Жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз етуге жауапты адамдар саны келесідей факторларға байланысты: ұйымның көлемі, ұйым шалдығатын жемқорлық қауіп-қатерлер дәрежесі, қызметке әсер ететін соңғы жүктеме. Үлкен емес ұйымдарда жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз ету қызметі оның басқ да міндеттерімен қатар қоса жүктелген жауапкершілік артылған бір тұлғамен орындалатын сияқты. Жемқорлық қауіп-қатер дәрежесі және соңғы жүктеме жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз ету қызметін орындауды талап етілген жағдайда жұмыспен толық қамтылу жағдайында бір тұлғаға тағайындалуы мүмкін. Үлкен ұйымдарда жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз ету қызметі бірнеше қызметкер тартылуы мүмкін. Кейбір ұйымдар жауапкершілікті сәйкес сарапшы тәжірибесі шоғырланған комитетке міндеттеуі мүмкін. Кейбір ұйымдар жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз ету қызметі қызметтерінің бір бөлігін немесе толық орындау үшін үшінші тарапты тартуы мүмкін бұл сәйкес саладағы ұйым басшысы алпы жемқорлыққа қарсы нормалардың сәйкестігін қамтамасыз қызметін орындауға жауапты және құзыретті болғанда да ғана қолайлы болады және үшінші тарап ұсынатын қызметтерді бақылайды.

A.6.2 Стандарт талабы бойынша жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз ету қызметін сәйкес құзыретті, статусы, өкілеттіліктері бар және тәуелсіз тұлға (тұлғалар) орындауы қажет. Сонымен бірге:

а) «Құзыреттілік» жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз ету міндеті жүктелген тұлға (тұлғалар) қойылатын талаптарды орындай алатын, бұл қызмет бойынша ақпаратты зерделеуге және оны тиісті түрде орындауға қабілетті болуға тиіс екенін білдіреді.

б) «Статус» басқа қызметкерлер сәйкестікті қамтамасыз ету жауапкершілігі міндеттелген тұлғаның пікірін құрметтеп құлақ асуы мүмкін дегенді білдіреді.

с) «Өкілеттілік» сәйкестікті қадағалау міндеті жүктелген сәйкес тұлға (тұлғалар) сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша өзінің міндеттерін нәтижелі орындау мүмкіндігіне ие болу үшін басқарушы орган (егер болған жағдайда) және жоғары басшылық тарапынан жеткілікті билікке ие екендігін білдіреді

д) «Тәуелсіздік» сәйкестікті қадағалау міндеті жүктелген сәйкес тұлға (тұлғалар) ұйымның жемқорлық қауіп-қатері бар қызметіне мүмкіндігінше жеке қатыспайтындығын

білдіреді. Егер ұйым қызметкерді жұмыспен толық қамтуға тағайындаса, бұған жеңіл қол жеткізуге болады, бірақ бұл нұсқа қызметкерге басқа функцияларды орындаумен бірге сәйкестікті қамтамасыз ету функциясын орындауға нұсқау беретін шағын ұйымдар үшін әлдеқайда қиын.

Егер сәйкестікті қамтамасыз ету функциясына жұмыс уақытының бір бөлігі ғана берілген жағдайда, бұл қызметтер өзінің тікелей міндеттерін орындау кезінде жемқорлыққа тартылуы мүмкін тұлғамен орындалмауға тиіс. Егер кішігірім компанияда тәуелсіздікті қамтамасыз ету қиын болған жағдайда мүдделі тұлға, өзінің мүмкіндіктеріне байланысты бейтарап болу үшін өзінің басқа міндеттерін сәйкестікті қамтамасыз ету міндеттерінен бөлуге тиіс.

А.6.3 Жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз ететін қызмет сәйкес ақпаратты жеткізу үшін жоғары басшылыққа, егер ұйымда басқарушы орган болса, сол органға тікелей қатынау мүмкіндігі болғаны маңызды. Қызметтің иерархиялық тізбектегі басқа басшылыққа есеп беру мүмкіндігі болмауға тиіс, себебі бұл жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз ету қызметінің дайындаған ақпараты жоғары басшылыққа толық көлемде емес немесе бұрмаланып жеткізілу қауіп-қатерін тудырады. Жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз ету қызметтің, сондай-ақ жоғары басшылыққа байланысу қажет болмағана жағдайда басқарушы органмен тәкелей байланысуға мүмкіндіктері болуға тиіс. Байланыс жалпы басқарушы органмен (мысалы, директорлар кеңесі немесе қадағалау кеңесі) немесе басқарушы органның арнайы жинақталған комитетімен немесе жоғары басшылықпен болуы мүмкін (мысалы, аудит немесе этика комитеті).

А.6.4 Жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз ететін қызметтің негізгі жауапкершілігі - жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін дамыту мен іске асыруды қадағалау. Бұны ұйымдағы жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша іс-шараларға және қолданыстағы жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша тәкелей жауапкершілікпен шатастырмау керек. Әрбір адам этикалық және басқа да ережелер бойынша, соның ішінде ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын орындауға жауап береді. Ұйым басшылығының жауапты болатын бөліктеріне сәйкестікті қамтамасыз етуде жетекшілік етуі өте маңызды.

Ескертпе. Неғұрлым нақты ұсынымдар ISO 19600 келтірілген.

А.7 Ресурстар

Ресурстар ұйымның көлемі, оның қызметінің сипаты және ұйым кездесетін жемқорлық қауіп-қатерлер сияқты факторларға тәуелді болады. Ресурстарға мыналар жатады, мысалы:

а) Қызметкерлер: жеткілікті көлемдегі қызметкерлер жемқорлыққа қарсы әрекеттер менеджмент жүйесі нәтижелі қызмет етуі үшін жемқорлыққа қарсы әрекеттер бойынша сәйкес міндеттерді орындауға жеткілікті уақыттарын жұмсауына кепілдік береді. Бұған жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестікті қамтамасыз ету қызметін орындау үшін тұлғаны (тұлғаларды) (ұйымның ішінде немесе оның сыртында) тағайындау.

б) Физикалық ресурстар: жемқорлыққа қарсы әрекеттер менеджмент жүйесі нәтижелі қызмет етуі үшін жемқорлыққа қарсы әрекеттер нормаларын сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ұйымның қажетті физикалық ресурстар қолжетімді екенәне кепілдік береді. Мысалы, кеңселік бөлме, жиһаз, компьютерлік жабдықтар және программалық қамтамасыз ету, үйретуші материалдар, телефондар, канцелярылық тауарлар және т.б.

с) Қаржылық ресурстар: жемқорлыққа қарсы әрекеттер менеджмент жүйесі нәтижелі қызмет етуі үшін жемқорлыққа қарсы әрекеттер нормаларын сәйкестігін қамтамасыз ету үшін де қажетті бюджет бар екендігіне кепілдік береді.

А.8 Жұмысқа орналастыру процедуралары

А.8.1 Қызметкерлерді кешенді тексеріс

Жұмысқа ламас бұрын тұлғаларды кешенді тексеріс кезінде ұйым бұл тұлғаларға ұсынылатын қызметтерге және олармен байланысты жемқорлық қауіп-қатерлерге байланысты келесідей әрекеттерді қолдануы мүмкін:

а) сұхбаттасу кезінде әлеуетті қызметкермен ұйымның жемқорлыққа қарсы саясатын талқылау және олар сәйкестіктің маңыздылығын түсініп, қабылдауын көрсететін салыстырмалы көзқарасты қалыптастыру;

б) әлеуетті қызметкерлердің өзінің біліктілігі туралы берген ақпараттың нақтылығын тексеру бойынша қажетті шараларды жүзеге асыру;

с) әлеуетті қызметкерлер туралы бұрынғы жұмыс орындарынан жағымды пікірді алу үшін қажетті шараларды жүзеге асыру;

д) әлеуетті қызметкерлер жемқорлық жағдайларына қатысқан немесе қатыспағанын анықтау үшін қажетті шараларды жүзеге асыру;

е) ұйым бұрынғы жұмыс орнында ұйымды негізсіз артықшылыққа ие болғаны үшін сыйақы ретінде әлеуетті қызметкерге жұмыс ұсынбайтынына көз жеткізу үшін қажетті шараларды орындау;

ф) әлеуетті қызметкерге жұмысты ұсыну мақсаты ұйымның пайдасына негізделген негізсіз режимді жасырмайтындығына кепілдік береді;

г) әлеуетті қызметкерлердің көпшілік қызметтегі тұлғалармен байланысын анықтау үшін қажетті шараларды жүзеге асыру.

А.8.2 Жұмыс нәтижесі бойынша сыйақы беру

Өтемақы тетіктері, соның ішінде сыйақылар мен жеңілдіктер, қызметкерлердің параға қатысуын абайсыздан ынталандыруы мүмкін. Мысалы, егер менеджер ұйыммен жасасқан шарттар негізінде анықталған тиісті сыйақы алса, онда бұл менеджер келісім-шартты қамтамасыз ету үшін пара беру немесе бірлескен кәсіпкерлік бойынша агенттің немесе серіктестің бара беруіне көз жұму қызығушылығы туындауы мүмкін. Сол нәтиже менеджер жұмысына тым көп қысым жасалса (мысалға, егер менеджер сатылымда кеудемсоқтық мақсаттарға қол жеткізбесе, жұмыстан шығарылуы мүмкін) болуы мүмкін. Демек, ұйымға жемқорлықты ынталандырмауға барынша кепілдік беру үшін өтемақы тетіктеріне мен аспектілеріне назар аудару қажет.

Қызметкерлерді аттестаттау, көтермелеу, сыйақылар және басқа да ынталандырулар қызметкерлердің ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін басқару талаптарына сәйкес әрекет ету ретінде пайдаланылуы мүмкін. Қызметкерлер өздерінің басқа саладағы қызметтерінің бағасын арттыру мақсатында жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар менеджменті жүйесінің талаптарын бұзу тиімді емес және тәртіптік шараларда қолдануға әкеліп соқтыратынынан хабардар болулары керек (мысалы, сату мақсаттарына қол жеткізуде).

А.8.3 Мүдделер қайшылығы

Ұйым ішкі және сыртқы мүдделер қайшылықтарын анықтап оған баға беруге тиіс. Ұйым барлық қызметкерлерін олардың жұмысына тікелей немесе жанама әсері бар отбасылық, қаржылық немесе басқа да түрлі шын немесе болуы мүмкін мүдделер қайшылықтарды жеткізу міндетті екендіктерін нақты хабардар ету керек.

Бұл ұйымға қызметкерлердің пара беруге немесе пара беруді елемей жағдайларын анықтауға мүмкіндік береді, мысалы

ҚР СТ 3049-2017

а) егер ұйымның сату жөніндегі менеджері тапсырыс берушінің сатып алу менеджерімен байланыста болса немесе

б) ұйымның желілік менеджері бәсекелес бизнеске жеке қаржылық қызығушылық танытқан кезде.

Ұйым бар немесе ықтимал мүдделер қайшылықтарының барлық жағдайларын есепке алуы керек.

А.8.4 Ұйым қызметкерлерінің жемқорлығы

А.8.4.1 Ұйым қызметкерлерінің ұйымның атынан басқа тұлғалардан пара алу қауіп-қатерінің («қажетті пара») алдын-алу, анықтау және жою үшін қажетті шаралар ұйым қызметкерлерін сатып алу («пара алу») қауіп-қатерін болдырмау, анықтау және оны жою үшін қолданылатын шаралардан өзгеше болуы мүмкін. Мысалы, «қажетті параны» анықтау және азайту мүмкіндігі ұйымның (мысалы, дербес банктік шот немесе несиелік карталармен операциялар), қолданыстағы заңнамаға (мысалы, жеке деректерді қорғау) немесе басқа да факторларға байланысты ақпаратқа қол жеткізу шектеулі болуы мүмкін. Нәтижесінде, ұйымға қажетті пара алу қаупін азайту үшін қол жетімді басқару құралдарының саны мен түрлері пара алу қаупін азайту үшін қолданылатын бақылаушылар санынан асып түседі.

А.8.4.2 Ұйым қызметкерлеріне пара беру ұйымға атынан шешімдерге әсер ету мүмкіндігіне ие тұлғаларға жиі ұсынылады (мысалы, келісімшарт жасай алатын сатып алу менеджері, жұмысқа қабылдайтын контролер, жалақыны немесе бонустарды тағайындауға немесе тағайындайтын басқарушыға), лицензияларды, рұқсаттарды беру үшін құжаттарды дайындайтын қызметкер және т.б.). Пара ұйымның басқару құралдары кешенінің қызмет ету тыс жерде алынатын болғандықтан, ұйымның осындай параның алдын алу немесе анықтау мүмкіндіктері шектеулі болуы мүмкін.

А.8.4.3 8.1 және 8.3-тармақтарда көрсетілген қадамдарға қосымша, талап етілетін параның қауіп-қатері осы стандарттың осы түріне қатысты төмендегі талаптарға сәйкес төмендетілуі мүмкін:

а) ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (5.2) ұйым қызметкерлері мен ұйым атынан жұмыс істейтін кез келген тұлғаның пара алу талап ету мен пара алуына нақты тыйым салу керек;

б) Нұсқаулық және оқу материалдары (7.3) қорқытып алу мен пара алуға тыйым салуы қажет, оған сондай-ақ мыналар кіреді:

1) пара алудың күдіктері туралы ақпараттандыру бойынша ұсынымдар (8.9)

2) қудаламайтын саясатқа назар аудару (8.9).

с) ұйымның сыйлықтар мен өкілдік шығындарға қатысты саясаты (8.7) қызметкерлердің сыйлықтар қабылдауына және шығыстарды төлеуіне шектеу қоюға тиіс;

д) ұйымның жемқорлыққа қарсы саясатының және ұйымның веб-сайтындағы есептерден алынған ақпараттың жариялануы бизнес-серіктестердің пара ұсынуына немесе ұйым қызметкерлерінің пара талап етіп қабылдау мүмкіндігінше көмектеседі.

е) Мысалы, мақұлданған өнім берушілерді, конкурстық сауда-саттықты, келісімшарттар бойынша кемінде екі қолды, жұмыстарды қабылдауды және т.б. қолдануды талап ететін шаралар (8.4) келісімшарттарды жасау және бекіту кезінде жемқорлық қаупін азайтады.

А.8.4.4 Ұйым, сондай-ақ, қолданыстағы бақылау құралдарының әлсіздігінен қызметкерлерді жеке басын байыту үшін қолданатын әдістерін анықтау үшін аудиторлық шараларды енгізе алады. Процедуралардың мысалдары:

а) қайтыс болған адамды және ұқсас қызметкерлерді анықтау үшін жалақы тізімдемелерін талдау;

б) Әдеттегіден тыс шығыстарды анықтау үшін қызметкердің алғытөлемдік есептерін талдау;

с) Қызметкерлерге төлемдер туралы ақпаратты (мысалы, жеке банктік шот нөмірлері мен мекен-жайлары) банктік шоттар туралы ақпаратты және ұйымның жеткізушілерінің негізгі тізіліміндегі мекен-жайларды болуы мүмкін мүдделер қайшылық жағдайларды анықтау үшін салыстыру.

А.8.5 Уақытша қызметкерлер

Кейбір жағдайда ұйымға кадрлық агенттіктен немесе басқа ұйымнан уақытша қызметкерлер ұсынылуы мүмкін. Бұндай жағдайда, оқыту және бақылау мақсатында ұйым уақытша қызметкермен байланысты қызметкерді өзінің қызметкері ретінде пайдаланған кезде жемқорлық қауіп-қатерлер тиісті түрде өңделуін анықтап алуы қажет немесе сәйкес бақылау құралдарын уақытша қызметкерді ұсынған ұйымға тарату қажет.

А.9 Хабардар болу және оқыту

А.9.1 Оқытуды ұйымдастыру ұйымда өз рөліне сай мыналарді түсінетініне кепілдік береді:

- a) олар немесе ұйым ұшырайтын жемқорлық қауіп-қатерлері;
- b) жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар саясаты;
- c) оның қызметіне қатысты жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар менеджменті жүйесінің аспектілері;

d) қандайда болмасын жемқорлық қауіп-қатеріне немесе пара алу күдігі бар түрлі қауіп-қатерлерге қатысты қызметкер оның алдын алу үшін, зерттеу және ақпараттандыру бойынша барлық қажетті әрекеттер.

А.9.2 Оқыту әдісі мен оның көлемі ұйым көлеміне және ұйым шалдығатын жемқорлық қауіп-қатерлеріне байланысты болады. Оқыту онлайн курс немесе тікелей өткізілетін іс-шаралар түрінде жүзеге асырылуы мүмкін (мысалы, оқу сессиялары, семинарлар, сәйкес қызметкерлердің қатысуымен дөңгеле үстелдер немесе жеке оқыту). Осылайша, оқытуды жүргізу әдісі сәйкес барлық қызметкерлер А.9.1 тармақта көрсетілген тақырыптар бойынша жалпы түсініктерді меңгеруді талап ететін нәтижемен салыстырғанда маңызды емес.

А.9.3 Толық күндізгі оқыту іс-шаралары басқарушы органның мүшелеріне және жоғары басшылыққа және қызметкерлерге (ұйым иерархиясында олардың позицияларына қарамастан) және операциялық процестерге қатысатын іскери серіктестерге төмен деңгейден жоғары жемқорлық қауіп-қатерлеріне қатысатын қызметкерлерге ұсынылады.

А.9.4 Егер жемқорлыққа қарсы нормалар сәйкестігін қамтамасыз ету қызметін орындау үшін тағайындалған сәйкес тұлғаның (тұлғалар), бұл салада жеткілікті тәжірибесі болмаса ұйым оның сәйкес қызметін орындау үшін қажетті даярлықты қамтамасыз етуге тиіс.

А.9.5 оқыту іс-шарасы жеке тренинг ретінде немесе жалпы шолу немесе ұйымның сәйкестікті және этикалық жүріс-тұрысты қамтамасыз ету бойынша оқыту бағдарламасының бір бөлігі ретінде жүргізілуі мүмкін.

А.9.6 Оқыту іс-шарасының мазмұны қызметкерлер функциясына сай бейімделуі мүмкін. Қызметін орындауда маңызды жемқорлық қауіп-қатерлерімен кездеспейтін қызметкерлер үшін ұйымның саясаты жөнінде өте қарапайым оқыту шарасына қатысуға мүмкіндіктері бар, себебі олар егер олар ықтимал бұзушылықтарды анықтаған кезде оны біліп түсінулері тиіс. Қызметтері маңызды жемқорлық қауіп-қатерлерімен түйіндесеті қызметкерлер одан күрделірек оқыту шараларына қатысулары тиіс.

А.9.7 Оқыту ұйымның ағымдағы саясаты мен процедураларын, олардың функциялары мен нормативтік талаптарының кез келген өзгеруін білуі үшін мүмкіндігінше жиі қайталануы керек.

А.9.8 Іскерлік серіктестердің талаптары бойынша оқыту және хабардар болуын қамтамасыз ету белгілі бір қиындықтарға әкеп соғады, өйткені осы іскерлік серіктестердің қызметкерлері ұйымда тікелей жұмыс істемейді және әдетте мұндай қызметкерлерді

оқытуға тікелей қолы жетпейді. Осыған орай, іскери серіктестерде жұмыс істейтін қызметкерлерді нақты оқыту, әдетте, іскери серіктестердің өздерімен немесе осы мақсатқа қатысы бар басқа орындаушылармен жүзеге асырылады. Іскерлік серіктестік қарамағында жұмыс істейтін ұйым үшін төменнен жоғары жемқорлық қауіп-қатерлерінің деңгейімен жұмыс істейтін қызметкерлер мәселеден хабардар болуға тиіс және осы қауіпті төмендетуге бағытталған дпйындықтардан өтулері қажет. Осылайша, стандарттың бұл бөлігі ең аз дегенде, қызметкерлері жемқорлыққа қарсы оқыту іс-шараларынан өтуге тиіс іскери серіктестер анықтауды талап етеді және мұндай оқытулар өткізілуі керек.

Оқытулар сыртқы мердігерлер тарта отырып іскери серіктеспен немесе ұйым қалап жатса ұйымның өзімен жүзеге асырыуы мүмкін. , отырыпнемесе егер ұйым ұйымның өзі қаласа, жүзеге асыра алады. Ұйым өзінің бизнес-серіктестеріне осы міндеттемелер туралы әртүрлі тәсілдермен, атап айтқанда, оларды шарттық келісімдерге қосу арқылы хабардар етуі мүмкін.

A.10 Кешенді тексеріс

A.10.1 Ұйымның нақты келісімдеріне, жобаларына, жұмыстарына, іскерлік серіктестеріне немесе қызметкерлеріне қатысты кешенді тексеріс ұйымдастыру мақсаты ұйым қауіп-қатерлерді бағалау барысында анықталған төменнен жоғары қауіп-қатерлер облысын, көлемін және сипатын бағалау болып табылады (4.5). Ол сондай-ақ жемқорлық қауіп-қатерлерінің алдын-алу және анықтау бойынша қосымша мақсатты шара ретінде қызмет етеді, сондай-ақ ұйымның іскерлік серіктестермен немесе қызметкерлермен қарым-қатынас жасауды тоқтата тұру, тоқтату немесе қайта қараңыз туралы шешімді қабылдауға ақпаратты ұсынады.

A.10.2 Ұйымдарға бағалау үшін пайдалы болуы мүмкін жобалар, операциялар және қызмет түрлері туралы:

a) құрылым, сипаттама және күрделілік (мысалы, тәкелей немесе тікелей емес сату, жеңілдіктер, келісім бойынша сыйақы төлеу және процедураларды жүргізу процедуралары);

- b) қаржыландыру және төлемдер мәселелері;
- c) ұйымның жұмылдыру көлемі және қолжетімді ресурстар;
- d) бақылау деңгейі және шолу;
- e) іскерлік серіктестер және үшінші тараптар;
- f) тараптар арасындағы байланыстар
- e) қызметтік тұлғалар арасындағы байланыстар;
- g) жұмылдырылған тараптардың біліктілігі;
- h) клиент беделі;
- i) орналасқан жері;
- j) сату немесе БАҚ жариялымдар түріндегі есептер.

A.10.3 Іскерлік серіктестің біршама сенімділігі:

a) ұйымның іскерлік серіктестікті бағалау үшін пайдалы бола алатын аспектілері төмендегілерді қамтиды:

1) іскери серіктес - тіркеу құжаттарында, жылдық есепшоттарда, СТН, қор нарығының тізімдерінде көрсетілгендей заңды түрде тіркелген заңды тұлға ма;

2) Іскерлік серіктестің келісімшарт жасалынатын жұмысты жүргізу үшін қажетті біліктілігі, тәжірибесі және ресурстары бар ма;

3) іскерлік серіктес жемқорлыққа қарсы күрес жүйесі қаншалықты дәрежеде екендігін білу керек;

4) Іскерлік серіктес пара алушы, алаяқ, опасыз беделге ие ме немесе айыпты деп саналып тексеруге тартылған, жазалы деп танылған немесе жемқорлық немесе соған ұқсас қылмыстық әрекеттері үшін тендерге қатысушылар тізімінен шектетілгендігін білу қажет;

5) акционерлердің (түпкілікті иеленушіні қоса алғанда) және іскери серіктестің жоғарғы басшылығының тұлғалары және:

i) пара алушылар, алаяқтар, адал емес немесе осындай заңға қайшы әрекеттерге ұшырағандар қатарынан ба;

ii) жемқорлық немесе соған ұқсас қылмыстық іс-қимылдың салдарынан тендер қатысушылары тізімен шығарылып тасталды ма немесе тергеу, соттау, жазалауға тартылды ма немесе алып тастау;

iii) ұйымның тапсырыс берушісі немесе клиентімен немесе жемқорлық қатерін тудыруы мүмкін мемлекеттік қызметкермен тікелей немесе жанама байланыстары бар ма (бұл өздеріне мемлекеттік лауазымды тұлғалар болып табылмайтын, бірақ тікелей немесе жанама түрде мемлекеттік лауазымды тұлғалар, осындай лауазымдарға үміткерлер және т.б.);

б) Келісім схемасы және есеп айырысу тәртібі

б) Қабылданған жан-жақты тексерудің сипаты, түрі мен ауқымы к ұйымның қажетті ақпаратты алуға, ақпаратты алу шығындарына және қарым-қатынасқа байланысты ықтимал жемқорлық қауіп-қатерлер дәрежесі сияқыт факторларға байланысты болады. ;

с) Іскерлік серіктестерге қатысты ұйым жүргізетін жан-жақты тексерулердің кешенді процедуралары жемқорлық қауіп-қатерлер деңгейіне сәйкес болуға тиіс. Жемқорлық қауіп жоғары аймақтарда немесе нарықтардағы жемқорлықтың жоғары деңгейі бар іскерлік серіктестер, жемқорлық қауіп төмен аймақтардағы немесе нарықтардағы жемқорлықтың төмен деңгейі бар іскерлік серіктестерге қарағанда, жан-жақты тексерудің қатаң деңгейін талап етеді.

д) Түрлі іскерлік серіктестертүрлі деңгейдегі кешенді тексеріс деңгейін талап етуі әбден мүмкін. Мысалы:

1) Ұйымның келешектегі мүмкін заңды және қаржылық жауапкершілігі көзқарасынан іскерлік серіктестер ұйымға тауар немесе қызметтер ұсынғаннан қарағанда ұйым атынан іс-қимылдар жасағанда ұйымға жоғары деңгейде қауіп-қатер төндіреді. Мысалы, ұйымның келісімшартты алуына әрекет ететін аген, ұйымның клиент менеджеріне келісімшартты алуға көмектескені үшін пара беруі мүмкін және бұл ұйым агенттің жемқорлық әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылуына әкелуі мүмкін. Соның салдарынан, агентке қатысты ұйымның кешенді тексерісі мүмкіндігінше толық болады. Екінші жағынан ұйымды құрылғылармен және материалдармен жабдықтайтын және ұйымның клиенттерімен немесе көпшілік лауазымындағы тұлғалармен ұйымның қызметі үшін маңызды байланысы жоқ өнім беруші ұйымның атынан пара беру ықтималдылығы төмен, соған сәйкес өнім берушіге қатысты тексеру кешені төмен болуы мүмкін;

2) Ұйымның өзінің іскерлік серіктестеріне қатысты әсер деңгейі ұйым негіздемелі түрде қолдана алатын кешенді тексеріс көлемін анықтай алады.

Ұйым үшін ортақ кәсіпорын бойынша агенттер мен серіктестерден ұйым олармен жұмыс жасауды бастамастан бұрын олар жөнінде кешенді тексеріс асыянда ақпарат талап ету салыстырмалы түрде жеңілірек болуы мүмкін, себебі, мұндай жағдайда ұйым қандай ұйыммен келісімшарта жасасатыны бойынша еркіндікке ие. Дегенмен, ұйым үшін сатып алушылар немесе клиенттерден өздері туралы ақпаратты немесе кешенді тексеріс сауалнамасын толтыруды талап ету айтарлықтай қиындау болуы мүмкін. Себебі ұйым сатып алушы немесе клиентке айтарлықтай әсер ете алмайды және мұны жасауға міндеттей алмайды (мысалы, егер ұйым тұтынушыға қызмет көрсету тендеріне қатысса).

е) іскерлік серіктеске қатысты ұйымның жүргізетін кешенді тексерісі мыналарді қамтиды, мысалы:

1) а) іскерлік серіктеске жіберілген сауалнаманың А.10.3 а) тармағында көрсетілген сұрақтарға жауап беруі қажет;

ҚР СТ 3049-2017

2) жемқорлықпен байланысты қандай да бір ақпаратты анықтау үшін іскерлік серіктес және оның акционерлері, жоғары басшылары туралы мәліметтерді веб-іздеу;

3) қажетті ақпаратты алу үшін сәйкес үкіметтік, заңды және халықаралық ресурстарды іздеу;

4) ұлттық немесе аймақтық билік органдарымен немесе Әлемдік банк тәрізді халықаралық ұйымдармен жүргізілетін мемлекеттік және үкіметтік органдармен келісімшарт жасауға шектеу қойылған немесе тыйым салынған ұйымдардың «қара тізімін» тексеру;

5) тексеріліп отырған іскерлік серіктестің этикалық беделі бойынша басқа ұйымдарға сұрау салы;

б) кешенді тексеріс жүргізу үшін сәйкес тәжірибесі бар басқа тұлғаларды немесе ұйымдарды тағайындау.

ф) бірінші реттік кешенді тексеріс нәтижелері бойынша іскерлік серіктеске қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін (мысалы, жағымсыз сипаттағы кез келген ақпаратты түсіндіру).

А.10.4 Кешенді тексеріс мінсіз құрал болып табылмайды. Жағымсыз ақпараттардың жоқтығы іскерлік серіктес жемқорлық қауіп-қатерлермен байланысы жоқ дегенді білдірмейді. Анықталған жағымсыз ақпарат та іскерлік серіктес жемқорлық қауіпіне қатысты дегенді білдірмейді. Қалай болғанда да нәтижелер тиянақты бағалануға тиіс және ұйым анықталған фактілер негізінде негізделген қорытынды жасауға тиіс. Негізгі мақсат - бұл іскер-серіктестің атқаратын іс-әрекетін және осы қызметке тән жемқорлық қауіп-қатерлерді ескере отырып, бизнес-серіктес туралы егер ұйым бұл іскерлік серіктеспен жұмыс жасау барысында ықтимал жемқорлық қауіп-қатерлерінің деңгейін дұрыс түсіну үшін ақпараттандырылған және сәйкес сұраулар жасайды.

А.10.5 Қызметкерлерге қатысты кешенді тексеріс А.8.1. тармақта сипатталған.

А.11 Қаржы саласындағы шаралар

Қаржылық саладағы шаралар қаржы операцияларын тиісті түрде басқаруға және осы операциялардың дәл, толық және уақтылы есепке алынуы үшін ұйым жүзеге асыратын басқару жүйелері мен процестері болып табылады. Ұйымның көлемі мен операцияларына байланысты ұйым жүзеге асыратын жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге қабілетті қаржы саласындағы шараларға мыналар жатады, мысалы:

а) бір тұлға төлемді өткізіп және мақұлдауды жүзеге асыра алмауы үшін міндеттерді бөлуді жүзеге асыру;

б) төлемді мақұлдау үшін сәйкес иерархиялық деңгейдегі құзыреттілікті бекіту (маңыздырақ операциялар жоғарырақ деңгей басшысының мақұлдауын талап ету үшін);

с) төлемді қабылдаушы және жұмыстың немесе қызметтің орындалу фактісі ұйымның бекітуінің сәйкес тетіктері арқылы дәлелденуін қамтамасыз ету;

д) төлемді бекіту үшін кем деенде екі қол қоюды талап ету;

е) бекітілген төлемге қоса сәйкес ілеспе құжаттың болуын талап ету;

ф) қолма-қол төлемдерді қолдануды шектеу және қолма қол ақшалай қаражатты бақылаудың нәтижелі әдістерін жүзеге асыру;

г) төлемдердің нақты және түсінікті классификациясына және есептерде сәйкес көрсетілуіне кепілдік бері;

h) маңызды қаржы операцияларына басшылық жасау үшін мерзімді талдау жасау;

і) мерзімді және тәуелсіз аудит жасау және аудитті өткізетін тұлғалар немесе ұйымдарды тұрақты түрде ауыстырып отыру.

А.12 Қаржылық емес саладағы шаралар

Қаржылық емес саладағы шаралар - сатып алу, өндіру, коммерциялық және өзге де қызметті дұрыс басқаруды қамтамасыз етуге кепілдік беру үшін ұйым жүзеге асыратын ұйыммен ендірілген басқару жүйелері мен процестері. Ұйымның және

мәмілелердің көлеміне қарай, ұйым жүзеге асыратын сатып алу, өндірістік, коммерциялық және басқа қызметті басқару және жемқорлық қауіп-қатерлерін азайтуға қабілетті құралдары қатарына мыналар жатады, мысалы:

а) сыбайлас жемқорлыққа қатысуға ықтималдылығын бағалайтын алдын-ала біліктілік процедурасынан өткен бекітілген қосалқы мердігерлерді, өнім берушілерді және кеңес берушілерді пайдалану; бұл процесс, ең алдымен, А.10 бөлімінде көрсетілген сыналған серіктес түріне сәйкес келетін толық тексеруді қамтиды;

б) бағалау:

1) іскерлік серіктеспен орындалатын қызметтердің қажеттілігі және заңдылығы (сатып алушылар мен клиенттерді қоспағанда),

2) қызметтер тиісті түрде көрсетілді ме және

3) кез келген төлем іскерлік серіктеске негізделді ме және осы қызметке сай орындалды ма. Бұл, әсіресе, бизнес-серіктестің ұйымның атынан немесе оның мүддесі үшін пара беру үшін оған төлеген төлемдердің бір бөлігін жіберуі мүмкін қауіпті болдырмау үшін аса маңызды. Мысалы, егер агент сатуға әрекет ету үшін ұйыммен тағайындалғанда, оған ұйыммен келісімшарт жасасқанда комиссиялық төлем немесе келісімшарттан пайыз тиесілі, ұйым комиссиялық төлемдер қисынды көлемде және әлеуетті агентпен келісімшарт жасалмай қалу ықтимал қауіп қатерін есекере отырып заң бойынша агентке нақты көрсетілген қызметіне сай келіп, қанағаттандыру үшін ұйым тарапынан ынталдырынуға тиіс. Егер үйлесімсіз комиссиялық сыйақылар немесе пайыздар төленсе, олардың кейбіреулері агентке қоғамдық қызметкерді немесе клиент-ұйымның қызметкерін ұйыммен келісімшарт жасасуға мәжбүрлеу үшін дұрыс пайдаланбауы мүмкін.

с) ол орынды және әділ болған жағдайда, кем дегенде үш қатысушы арасында адал және қажет болған жағдайда, ашық және бәсекелестікке байланысты сауда-саттық процесі аяқталғаннан кейін ғана келісім-шарт жасалуы мүмкін;

д) тендерлердің нәтижелерін бағалау және келісімшарт жасасуды мақұлдау үшін кем дегенде екі адамды тарту туралы талап;

е) келісімшарт бойынша төлемдерді бекітуге жауапты қызметкерлер келісімшарт бойынша төлемді талап етуге және келісімшартпен бірге жүретін немесе келісімшарт бойынша жұмыстарды орындауды растайтын бөлімшелер қызметкерлері қатарынан болмауы үшін міндеттерді бөлуді жүзеге асыру;

ф) келісім-шарт бойынша және келісім-шарттың талаптарын өзгерткен құжаттарға, немесе жұмыстың орындалуын немесе келісім-шартта көзделген жабдықтарды жеткізуді жүзеге асыруды бекіту үшін кемінде екі адамның қолын талап ету;

г) ықтимал жемқорлық қауіп-қатерлері жоғары мәмілелер бойынша басқару деңгейі жоғары тарап санатынан бақылау жүргізу;

h) тендерлердің әділдігін және шығындарға қатысты құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету, тек тиісті тұлғалар ғана бұл ақпараттарға қол жеткізе алады;

i) қызметкерлерге көмек көрсету үшін тиісті құралдар мен үлгілерді ұсыну (мысалы, практикалық нұсқаулықтар, қалай жасау керек және қалай жасалмау керек жөніндегі нұсқаулықтар, келісу схемалары, бақылау парақтары, жұмысты жүйелі орындаудың схемалары).

Ескертпе – Басқару құралдарының қосымша үлгілері мен ұсыныстар ISO 19600 берілген.

А.13 Бақылаушы ұйымдардың және іскерлік серіктестердің жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін енгізуі

А.13.1 Жалпы ережелер

А.13.1.1 Бақыланатын ұйымдар мен іскерлік серіктестер ұйымды жемқорлық қауіп-қатерге ұшыратуы осы талапты (8.5) енгізу үшін негіз болып табылады. Мына жағдайда:

- а) ұйымның еншілес компаниясы пара беріп, ал нәтижесінде осы үшін ұйым жауапты болуы;
- б) бірлескен кәсіпорын немесе бірлескен кәсіпорын бойынша серіктес ұйым қатысатын бірлескен кәсіпорын үшін жұмыс алу үшін пара беруі;
- с) сатып алушының немесе клиенттің сатып алулар жөніндегі менеджері келісім-шарт жасауға айырбас ретінде ұйымнан пара талап етуі;
- д) ұйымның клиенті ұйымнан клиенттің менеджері немесе жария лауазымды тұлға осы таңдаудан бас пайда алуы мүмкін жағдайда нақты мердігерді немесе жеткізушіні таңдауы;
- е) ұйымның агенті ұйым атынан клиент-ұйым менеджеріне пара беруі;
- ф) ұйымның жеткізушісі немесе мердігері ұйымның сатып алулар бойынша менеджеріне келісім-шарт жасауға айырбас ретінде пара беруі ұйым бағытталған жемқорлық қауіп-қатерінің алуан түрінің үлгісі болып табылады.

А.13.1.2 Егер бақыланатын ұйым немесе іскерлік серіктес осыған ұқсас қауіп-қатерге қатысты жемқорлыққа қарсы тетіктер енгізсе, ұйым үшін одан туындайтын жемқорлық қауіп-қатер әдетте азаяды.

А.13.1.3 8.5 талабы ұйым бақылайтын және ондайы жоқ компаниялар арасында айырманы енгізеді. Егер ол сол ұйымды тікелей немесе жанама бақыласа, осы талапқа орай ұйым басқа ұйымға бақылау жасай алады. Ұйымның Кеңесте дауыс көпшілігімен немесе акциялардың бақылау пакетімен мәселен, еншілес компанияға, бірлескен кәсіпорынға немесе консорциумомға бақылауы болуы мүмкін. Ұйым басқа ұйымға едәуір жұмыс көлемін жүктеуі себепті, осы талаптың контексінде басқа ұйымға бақылауы болмайды.

А.13.2 Бақыланатын ұйымдар

А.13.2.1 Ұйымнан соның бақылауындағы кез келген басқа ұйым жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізделген және сәйкес тетіктерін енгізетініне кепілдік беру қалауын күту ақылға қонымды. Бұл не сол ұйымда енгізілген сондай жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесін бақыланатын компанияның енгізуі немесе бақыланатын компанияда жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өз жеке құралдарын енгізу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұндай құралдар негізделген және 4.5 сәйкес жүргізілетін қауіп-қатерді бағалау нәтижесін ескеріп, бақыланатын ұйым ұшырайтын бұрыннан бар жемқорлық қауіп-қатеріне пропорционал болуға тиіс.

А.13.2.2 Ұйымды іскерлік серіктес (мәселен, ұйымды басшылық бақылайтын бірлескен кәсіпорын) бақылаған жағдайда, осы бақыланатын іскерлік серіктес 8.5.1 талаптарының әсеріне ұшырайды.

А.13.3 Бағынышты емес іскерлік серіктестер

А.13.3.1 Егер жемқорлық қауіп-қатерді бағалау (4.5) немесе кешенді тексеріс (8.2) қорытындыға келсе, ұйым бақыламайтын іскерлік серіктестерге қатысты 8.5 шеңберінде ұйым мынадай қадамды қабылдайды:

- а) іскерлік серіктес жемқорлық қауіп-қатерін мүлдем білдірмеген немесе төмен деңгейін білдірген кезде;
- б) іскерлік серіктесте төменнен жоғары жемқорлық қауіп-қатерінің деңгейі болса, алайда іскерлік серіктес енгізуі мүмкін жемқорлыққа қарсы іс-қимыл құралдары сәйкес қауіп-қатерді төмендетуге қабілетті болмайды. Іскерлік серіктес көмектесе алмайтын тетіктерді енгізуін талап етудің еш мәні болмас еді. Алайда, бұндай жағдайда, ұйым

қарым-қатынасты жалғастыруы дұрыс па және дұрыс болса қалай екеніне қатысты негізді шешім қабылдауы үшін өз қауіп-қатерін бағалау кезінде осы факторды ескеруі күтілуде.

А.13.3.2 Егер жемқорлық қауіп-қатерді бағалау (4.5) немесе кешенді тексеріс (8.2) бақылау асты емес іскерлік серіктестің төменнен жоғары жемқорлық қауіп-қатері бар және іскерлік серіктес енгізген жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетігі осы жемқорлық қауіп-қатерді азайтуға көмектеседі деген қорытындыға келсе, ұйым 8.5 шеңберінде мынадай қадамды қабылдайды:

а) ұйым іскерлік серіктес тиісті жемқорлық қауіп-қатерін өңдеуге мүмкіндік беретін жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиісті тетіктерін енгізді ме екенін анықтауға тиіс. Бұны ұйым тиісті кешенді тексерісті орындағаннан кейін жасағаны жөн. Бұндай кешенді тексеріс, мәселен, іскерлік серіктестен ұйымға оның тиісті тетіктерді енгізді ме немесе жоқ па екенін хабарлауға (кездескенде немесе жазбаша түрде), бұл тетіктер нені білдіретінін сипаттауға және оның шынымен бұндай тетіктерді енгізгенін растау үшін құжаттардың сәйкес көшірмесін ұсынуға тиіс. Ұйым осы тетіктердің ұйым мен іскерлік серіктестер арасындағы мәмілеге тән жемқорлық қауіп-қатерді басқаруға мүмкіндік беретінін тексеріп көреді. Еске сақтаңыз, басқарудың осы құралдары мен басқару деңгейін тексеру үшін ұйым қабылдауы қажет осы екі іс-қимыл негізделген болуға және жемқорлық қауіп-қатерге сәйкес келуге тиіс. Егер ұйым ол мақсатқа лайық болуы мүмкін деңгейде іскерлік серіктестің басқарудың сәйкес құралдары барын анықтаса, оған 8.5 талап қолданылады. Басқару құралдарының сәйкес түрі бойынша А.13.3.4 түсініктемені қараңыз;

б) егер ұйым іскерлік серіктестің сәйкес жемқорлық қауіп-қатерді өңдеуге мүмкіндік беретін жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың сәйкес тетіктері жоқтығын немесе бұндай тетіктер енгізілгенін тексеруге мүмкіндігі болмаса, онда ұйым одан әрі мынадай қадамдарды қабылдайды:

1) Егер осыны жасауды іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болса (А.13.3.3 қараңыз), ұйым іскерлік серіктестен сәйкес мәмілеге, жобалар немесе жұмыстарға қатысты жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың осы тетіктерін (А.13.3.4 қараңыз) енгізуді талап етуге тиіс.

2) Іскерлік серіктестен жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың осы тетіктерін енгізуді талап ету мүмкіндігі жоқ жерде (А.13.3.3 қараңыз), ұйым іскерлік серіктеспен байланысты жемқорлық қауіп-қатерді бағалау кезінде осы жағдайда және ұйым осындай қауіп-қатерді басқара алатын тәсілдерді ескеруге тиіс. Бұл ұйымның өзара қарым-қатынасты дамыта алмайтынын немесе мәмілеге қатыспайтынын білдірмейді. Алайда, ұйымға жемқорлық қауіп-қатерді бағалау шеңберінде іскерлік серіктестің жемқорлыққа тартылу ықтималдығын ескергені және ұйым жалпы жемқорлық қауіп-қатерді бағалау кезінде басқарудың аталған құралдарының жоқтығын назарға қабылдағаны жөн. Егер ұйым осы іскерлік серіктеспен байланысты жемқорлық қауіп-қатері тым жоғары екенін және жемқорлық қауіп-қатер басқалай шаралармен төмендетілмейтінін (мәселен, мәміле сұлбасын өзгеріп) болжаса, 8.8 ережесі қолданылуға тиіс.

А.13.3.3 Ұйым үшін бағынышты емес іскерлік серіктестен жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін енгізуді талап ету мақсатқа лайық па немесе жоқ па екені жағдайға байланысты болады. Мәселен:

а) Жалпы жағдайда егер ұйымның іскерлік серіктеске елеулі ықпалы болса, бұл іс жүзінде мүмкін. Мәселен, ұйым мәміле кезінде оның атынан іс-қимыл үшін агентті тағайындаған кезде немесе сердігерге үлкен жұмыс көлемін тапсырған кезде. Бұл жағдайда әдетте ұйымның арналу шарты ретінде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін іске асыру мүмкіндігі болады.

б) Жалпы алғанда, егер ұйымның іскерлік серіктеске елеулі ықпалы болмаған кезде, бұл іс жүзінде мүмкін емес. Мәселен:

ҚР СТ 3049-2017

1) жоба шеңберіндегі клиент;
2) нақты мердігер немесе клиент тағайындаған жеткізуші;
3) ұйымға қарағанда, жеткізушіге немесе мердігерге өз шарттарын қою мүмкіндігі елеулі болғанда, негізгі мердігер немесе жеткізуші (мәселен, ұйым оның стандартты шартымен негізгі жеткізушіден құрауыштарды сатып алған кезде).

с) Егер іскерлік серіктес жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін енгізу мүмкіндігі болуы үшін ресурстың немесе тәжірибенің жетіспеушілігін байқаса, бұл іс жүзінде мүмкін болмайды.

А.13.3.4 Ұйым талап ететін басқару құралдарының түрлері жағдайға байланысты болады. Олар негізделген және жемқорлық қауіп-қатерге сәйкес келуге және кем дегенде, өзінің іс-қимылы саласы шегінде елеулі жемқорлық қауіп-қатерді ескеруге тиіс. Іскерлік серіктестің ерекшелігіне және сонымен байланысты жемқорлық қауіп-қатерінің сипатының қарай ұйым мәселен, мынадай қадамдарды қабылдай алады:

а) күрделі жұмыстардың елеулі көлемін орындайтын серіктеспен жоғары жемқорлық қауіп-қатер байланысты болған жағдайда, ұйым іскерлік серіктестен осы құжат талап ететінмен бірдей жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың енгізілген және ұйымның жемқорлық қауіп-қатеріне сәйкес келетін тетіктерінің болуын талап ете алады.

б) егер іскерлік серіктес жұмыстардың орташа көлемін орындаған жағдайда және онымен орташа деңгейлі жемқорлық қауіп-қатері байланысты болса, ұйым іскерлік серіктестен мәселен, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, сәйкес қызметкерлер үшін оқыту, мәмілеге қатысты сәйкестікті қамтамасыз ету үшін жауап беретін менеджерді тағайындау, негізгі төлдемдерге қатысты бақылау құралдары мен хабарлау арнасы сияқты мәмілеге қатысты жемқорлыққа қарсы талаптар минимумы болуын талап ете алады.

с) Жұмыстың нақты бір бөлігін орындайтын мәні аз іскерлік серіктестер жағдайында (мәселен, агент немесе екінші деңгейлі жеткізуші) ұйым сәйкес қызметкерлер үшін оқытуды және негізгі төлемдерді, сыйлықтар мен өкілдік шығындарды бақылау жүргізуге талап етеді.

Басқару құралдары тек қана ұйым мен іскерлік серіктес арасындағы нақты мәмілеге қатысты қажет (алайда іс жүзінде іскерлік серіктестің өзінің барлық іскерлік қызметіне қатысты жұмыс істейтін басқару құралдары болуы мүмкін).

Жоғарыда аталғанның барлығы мысалдар ғана. Ұйым үшін мәмілеге қатысты негізгі жемқорлық қауіп-қатерді анықтау және іскерлік серіктес інегізгі жемқорлық қауіп-қатер бойынша негізделген және сәйкес келетін басқару құралдарын енгізуі іс жүзінде мүмкін болуына қарай талап ету маңызды проблема болып табылады.

А.13.3.5 Ұйым әдетте, іскерлік серіктеспен ынтымақтастықтың алдын ала шарттары және/немесе келісім-шарттың бір бөлігі ретінде бағынышты емес іскерлік серіктеске осы талаптарды қояды.

А.13.3.6 Ұйым өзіне бағынышты емес іскерлік серіктестің осы талаптарға толық сәйкестігін тексеруге міндетті емес. Алайда, ұйым іскерлік серіктес соны орындайтынына көз жеткізу үшін негізделген қадам жасағаны (мәселен, іскерлік серіктестен саясатпен байланысты сәйкес құжаттардың көшірмесін сұратып) жөн. Жемқорлықтың жоғары деңгейі жағдайында (мәселен, агент) ұйым мәселен, хабарлауға және аудитке құқықты қоса алғанда, мониторингтің процедураларын енгізе алады.

А.13.3.7 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін іске асыру біршама уақытты алатыны себепті, ең алдымен осы тетіктерді енгізу үшін іскерлік серіктеске уақыт беру ұйым үшін дұрыс болмақ. Ұйым осы іскерлік серіктестерге уақытша жұмысты жалғастыруды ұсына алады, алайда аталған тетіктердің болмауы қауіп-қатерді бағалау және кешенді тексеріс жүргізу кезінде ескерілуі қажет факторлар болады.

А.14 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелер

А.14.1 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді сұрату талабы – төменнен жоғары деңгейі бар жемқорлық қауіп-қатермен байлаеысты іскерлік серіктестерге қатысты ғана қолданылады.

А.14.2 Мәмілеге қатысты жемқорлық қауіп-қатер мәселен:

- a) ұйым құндылығы аз тауарлардың аз санын сатып алған кезде;
- b) ұйым тікелей әуе компаниясынан немесе отельден Интернет арқылы әуе билеттерін немесе қонақ үйден номерді брондаған кезде;
- c) ұйым тікелей тұтынушыға құндылығы аз тауарларды немесе қызметтерді (мәселен, өнімдер, теле хабар тарату және т.б.) ұсынған кезде төмен болуы ықтимал

Бұл жағдайда, ұйымға жемқорлық қауіп-қатерінің төмен деңгейі бар осы жеткізушілер мен тұтынушылардың жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді сұрату талап етілмейді.

А.14.3 Егер іскерлік серіктесте төмен деңгейлі жемқорлық қауіп-қатері болса, онда ұйым осы іскерлік серіктестен жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді іс жүзінде мүмкін болған кезде сұратқаны жөн:

a) ұйымның іскерлік серіктесте ықпалы болған кезде бұндай міндеттемелерді сұратуы іс жүзінде мақсатқа лайық болады және демек, серіктестен осы міндеттемелерді алуын талап ете алады. Ұйымның ең алдымен мәселен, мәміледе әрекет етуі үшін агентті тағайындағанда немесе үлкен жұмыс көлемі бар мердігерді тағайындаған кезде осыған ұқсас міндеттемелерді талап ету мүмкіндігі болады.

b) Ұйым мәселен, ірі тұтынушылармен немесе тапсырыс берушілермен қарым-қатынас шегінде немесе ұйым ірі жеткізушіден осы жеткізушінің стандартты жағдайында құрауыштарды сатып алған кезде міндеттемелерді сұрату мүмкіндігі болуы үшін елеулі ықпалы болмауы мүмкін. Бұндай жағдайда осындай өтініштің болмауы жобаның немесе өзара қарым-қатынастың дамымауын білдірмейді, алайда бұндай міндеттемелердің жоқтығын жемқорлық қауіп-қатерді бағалау және кешенді тексеріс жүргізу кезінде елеулі фактор ретінде ескерген жөн.

А.14.4 Бұндай міндеттемелерді мүмкіндігінше жазбаша түрде алған жөн. Ол жеке құжат немесе ұйым мен іскерлік серіктес арасындағы келісім-шарттың бір бөлігі болуы мүмкін.

А.15 Сыйлықтар, өкілдік шығындар, қайырымдылық сый және соған ұқсас олжа

А.15.1 Ұйым сыйлықтар, өкілдік шығындар, қайырымдылық сый және өзге де төлемдерді тіпті не беретін, не қабылдайтын тарапта ондай мақсат болмаса да, оны үшінші тарап (мәселен, бәсекелестер, баспасөз, прокурор немесе сот) пара ретінде қабылдауы мүмкін екені туралы хабарлануға тиіс. Осылайша, бақылаудың пайдалы тетігі мүмкіндігінше, кез келген сыйлықтан, өкілдік шығындардан, қайырымдылық сыйдан және үшінші тарап пара ретінде негізді қабылдауы мүмкін басқа да төлемнен бас тартуынан тұрады.

А.15.2 8.7 берілген пайдаға, мәселен:

- a) сыйлықтар, көретін іс-шараларды төлеу, тамақтану, жол жүру, тұру және т.б.;
- b) саяси және қайырымдылық мақсатқа арналаған қайырымдылық сыйлар;
- c) клиенттің немесе жария лауазымды тұлғаның жолын төлеу;
- d) жарнамалық шығындар;
- e) демекшілік;
- f) қоғамдық сатып алулар;
- g) оқыту;
- h) клубқа мүшелік;

ҚР СТ 3049-2017

- i) бизнес саласында жеке қолдаушылық;
- j) құпия немесе айрықша сипатыт ақпарат енуі мүмкін.

A.15.3 Ұйым енгізген процедураның өкілдік шығыны мен сыйлықтар мәселен:

В отношении подарков и представительских расходов процедуры, внедренные организацией, могли бы, например, быть ориентированы на:

a) мыналар:

- 1) кез келген сыйлықтар мен өкілдік шығынға толықтай тыйым салу немесе
- 2) сыйлықтар мен өкілдік шығынға рұқсат беру, алайда оларды:

i) максималды сома (өңірге немесе сылық пен өкілдік шығын түріне қарай өзгеретін);

ii) жиілік (шағын сыйлықтар мен өкілдік шығындарбірнеше мәрте қайталанған кезде елеулі сома түрінде жиналуы мүмкін);

iii) уақытты таңдау (мәселен, келісім-шарт бойынша келіссөздер барысында немесе немесе содан кейін дереу)

iv) қабылдаушылық (сыйлық берушінің немесе қабылдаушының өңірі, саласы мен рангінің ерекшелігін ескеріп)

v) қабылдаушының ерекшелігі (мәселен, ол келісім-шарт жасай ма немесе рұқсатты, сертификаттар немесе төлемдерді бекіте ме екені);

vi) айқындық (ұйымда ешкім өзі сыйлай алатыннан артық құны бар сыйлықты немесе алғыс белгісін қабылдай алмайды);

vii) заңнамалық және нормативтік орта (кей өңірлерде және ұйымдарда бақылау тетігі немесе тыйым жұмыс істеуі мүмкін) сияқты параметрлері бойынша шектеу;

b) сыйлық алғанға дейін сәйкес басшының мақұлдауын талап ету және құны немесе жиілігі артқан кезде шығынды төлеу;

c) құны немесе жиілігі асқан кезде шығынды төлеу және сыйлықтар тиісті құжаттандырумен (мәселен, тізілімде немесе бухгалтерлік есепке алу шотында) және бақылаумен ашық көрсетілуін талап ету есебінен сылықтар мен өкілдік шығындар көлемі мен жиілігін бақылау.

A.15.4 Саяси және қайырымдылық сыйға, демеушілікке, жарнамалық шығындар мен ұйым енгізетін процедураларды қоғамдық сатып алуға қатысты мәселен, мынаған:

a) ықпал етуге бағытталған немесе ықпал етуге, тендер бойынша шешімге немесе ұйым пайдасына өзге де шешімдерге бағытталған ретінде негізді бағалануы мүмкін төлемдерге тыйым салуға;

b) олардың заңды екенін және пара алу үшін арна ретінде пайдаланылмайтына кепілдік үшін саяси партияға, қайырымдылық қоғамына немесе төлемді өзге де алушыға кешенді тексеріс жүргізуге (бұған мәселен, интернеттегі дерккөздерді зерделеу немесе саяси партияның немесе қайырымдылық қоғамының басшылары парамен немесе осыған ұқсас қайырымдылық іс-қимылымен байланысты репутациясы жоқтығына немесе ұйымның және оның тұтынушыларымен байланысты еместігіне көз жеткізу үшін басқа да сәйкес сұрау салу);

c) сәйкес басшы бұндай төлемді мақұлдағанына кепілдікке;

d) төлемді жария ашуды талап етуге;

e) төлемге қолданыстағы заңнамаға және регламенттерге сәйкес рұқсат етілгеніне кепілдікке.

f) келісім-шарт бойынша келіссөздер барысында немесе содан кейін дереу төлемдерді алып тастауға бағытталуы мүмкін.

A.15.5 Ұйым енгізетін процедура клиентінің немесе жария лауазымды тұлғасының жолын төлеуге қатысты мәселен:

a) төлемге клиенттің немесе мемлекеттік органның процедурасымен және қолданыстағы заңнамалар мен регламенттермен рұқсат етілгеніне кепілдікке;

b) жол жүру клиенттің немесе жария лауазымды тұлғаның өкілінің міндеттерді тиісінше орындауы үшін қажетті екеніне кепілдікке (мәселен, сапаны қамтамасыз ету процедурасына ұйымның зауытында инспекция үшін)

c) төлемді ұйымның сәйкес басшысы мақұлдағанына кепілдікке;

d) егер мүмкін болса, жария лауазымды тұлғаның басшысы немесе жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестікті қамтамасыз ету қызметі немесе қызметуері жол жүру мен оның болжалды қамтамасыз етілуі туралы хабарлануын қамтамасыз етуге;

e) жол жүру үшін қажетті төлемдерді, жол жүрудің негізделген бағытымен тікелей байланысты орналасу мен тамақтануды төлеуді шектеуге;

f) сыйлықтар мен өкілдік шығындарға қатысты ұйымның саясатына сәйкес ақылға қонымды деңгейде сәйкес өкілдік шығынды шектеуге;

g) отбасы мүшелері мен достарының шығынын төлеуге тыйым салуға;

h) демалыс пен демалумен байланысты шығынды төлеуге тыйым салуға бағдарлануы мүмкін.

A.16 Ішкі аудит

A.16.1 9.2 талап ұйымның өзінің ішкі аудит қызметі болуға тиісті екенін білдірмейді. Бөлім ұйымның сәйкес құзыретті бөлімшесіне немесе тұлғаға ішкі аудит жүргізуге жауаптылықты тағайындауын талап етеді. Ұйым үшінші тарапқа оның барлық ішкі аудит бағдарламасын орындауы үшін жүгіне алады немесе бар бағдарламаның белгілі бір бөлігін орындауы үшін үшінші тарапты тарта алады.

A.16.2 Аудит жүргізу жиілігі ұйымның талаптарына байланысты болады. Жобалардың, келісім-шарттардың, процедуралардың, басқару құралдары мен жүйелердің кейбір жиынтығы аудит үшін жыл сайын таңдалуы да мүмкін.

A.16.3 Бұндай жиынтықты таңдау мәселен, жемқорлық қауіп-қатерінің жоғары деңгейі бар жоба қауіп-қатердің төмен деңгейі бар жобаға қатысты аудит үшін бірінші кезекте таңдалатындай қауіп-қатерді бағалауға негізделуі мүмкін.

A.16.4 Әдетте аудит сәйкес қатысушылардың қажетті құжаты мен жеткілікті уақыты болатындай алдын ала жоспарлануға тиіс. Алайда, кей жағдайда ұйым оны тексерілетін қатысушылары күтпеген кезде аудит жүргізуді пайдалы деп табады.

A.16.5 Егер ұйымда басқарушы орган болса, ол тәуелсіздікті қамтамасыз ету жіне жемқорлық қауіп-қатердің басым аумағы бөлігінде аудиттің бағытталуына кепілдікке көмекті қамтамасыз ету үшін қажетті деп есептейтін шамада ұйымның аудитін таңдауға және жиілігіне әсер ете алады. Басқарушы орган сондай-ақ аудит пен оның нәтижесі бойынша барлық есеп беруге қолжетімділікті және жемқорлық қауіп-қатерінің өте жоғары деңгейінің немесе жемқорлық қауіп-қатерінің көрсеткіштерінің белгілі бір белгілерін анықтаған кез келген аудиттің нәтижесі аудит аяқталған соң басқарушы органға берілуін талап ете алады.

A.16.6 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі қаншалықты нәтижелі енгізілгенін және жұмыс істейтінін басқарушы орган (егер болса) және жоғары басшылық үшін негізді бағалауды қалыптастыру, жемқорлықтың алдын алу және табуда, сондай-ақ барлық жемқорлыққа әлеуетті жуқыталған тұлғалар үшін факторларды қамтамасыз етуде (олардың жобасы немесе бөлімше аудит үін таңдалуы мүмкіндігін білетіндіктен) көмек көрсету, аудиттің мақсаты болып табылады.

A.17 Құжаттандырылған ақпарат

7.5.1 сәйкес құжаттандырылған ақпаратқа:

a) қызметкерлердің жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын алу куәлігін;

b) төменнен жоғары жемқорлық қауіп-қатері бар іскерлік серіктестің жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын беру куәлігін;

ҚР СТ 3049-2017

с) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесінің саясатын, процедуралары мен басқару құралдарын;

d) жемқорлық қауіп-қатерін бағалау нәтижесін (4.5 қараңыз);

е) жүргізілген жемқорлыққа қарсы оқыту куәлігін (7.3 қараңыз);

f) орындалған кешенді тексеріс куәлігін (8.2 қараңыз);

g) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесін енгізу үшін қабылданған шаралар куәлігін;

h) сыйлықтар, өкілдік шығындарды төлеу, қайырымдылық жарналар мен төленген, сондай-ақ қабылданған осыған ұқсас түсулер туралы жазбалар мен мақұлдаулар (8.7 қараңыз);

i) мынаған:

1) жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіндегі кез келген әлсіз жерлер;

2) пара жағдайының болжанған немесе орын алған жері, пара алумен байланысты оқиғалар;

j) ұйым немесе үшінші тарап жүзеге асырған мониторинг, тергеулер немесе аудит нәтижесіне қатысты көтерілген проблемалы мәселелері бойынша іс-қимыл және нәтижелер куәлігі енуі мүмкін.

A.18 Жемқорлықты тергеу және соған қатысты шаралар қабылдау

A.18.1 Осы стандарт ұйымның жемқорлықтың кез келген жағдайына немесе хабарланған, табылған немесе негізді күмән тудырған жемқорлыққа қарсы нормалардың бұзушылығына қатысты тергеудің және шаралар қабылдаудың сәйкес процедураларын енгізуін талап етеді. Ұйым нақты жағдайда қалайша тергеу жүргізетіні және шаралар қабылдауы жағдайға байланысты болады. Әрбір жағдай ерекше және ұйымның жауабы негізделген және жағдайға сәйкес келетін болуға тиіс. Параға күрделі күмән туралы хабарлама жемқорлыққа қарсы шаралардың елеусіз бұзушылығына қарағанда, аса жедел, елеулі және толық реакцияны талап етеді. Төменде берілген ұсыныстар тек бағдар үшін және міндетті ретінде қабылданбауға тиіс.

A.18.2 Сәйкестікті қамтамасыз ету қызметі күдіктілер немесе пара алудың нақты жағдайы немесе жемқорлыққа қарсы нормалардың бұзушылығы туралы кез келген хабарламаны қабылдаудың басым нүктесі болғаны жөн. Егер хабарлама ең алдымен басқа тұлғаға келсе, онда ұйымның процедуралары хабарламаның мүмкіндігінше жылдам сәйкестікті қамтамасыз ету қызметіне берілуіне кепілдік беруге тиіс. Кей жағдайда сәйкестікті қамтамасыз ету қызметінің өзі күмәнді жағдайлар мен бұзушылықтарды анықтай алады.

A.18.3 Процедура қабылданған шешімдер үшін кім жауап беретінін, жағдай қандай тәсілмен тергелетінін және ол бойынша шаралар қабылданатынын анықтауға тиіс. Мәселен:

a) шағын ұйымдар мәнділігіне қарамай барлық жағдайда жауап іс-қимыл бойынша шешім қабылдауы үшін сәйкестікті қамтамасыз ету қызметі тікелей жоғары басшылыққа хабарлайтын процедураны енгізе алады;

b) одан ірі ұйымдар:

1) елеусіз жағдайларды барлық елеусіз жағдайлар туралы жоғары басшылыққа мерзімді есеп берумен сәйкестікті қамтамасыз ету қызметі өндейтін;

2) елеулі жағдайлар жауап іс-қимыл бойынша шешім қабылдау үшін сәйкестікті қамтамасыз ету қызметі тікелей жоғары басшылыққа хабарлайтын процедураны енгізе алады.

A.18.4 Кез келген жағдайды анықтағаннан кейін жоғары басшылық немесе сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесі (жағдайға қарай) белгілі фактілерді және проблеманың

ықтимал елеулілігін бағалауға тиіс. Егер олардың шешім қабылдау үшін жеткілікті фактісі болмаса, қайта тергеуді бастағаны жөн.

А.18.5 Тергеуді осы проблемамен байланысты емес тұлғаның жүргізгені жөн. Ол сәйкестікті қамтамасыз ету қызметі, ішкі аудит, сәйкес басшы немесе сәйкес үшінші тарап болуы мүмкін. Тергеу жүргізген тұлғаның сәйкес өкілеттігі, ресурстары және тергеуді нәтижелі етуі үшін жоғары басшылыққа қолжетімділігі болуға тиіс. Тергеу жүргізген тұлға оқудан өткені немесе тергеу жүргізуде жинақталған тәжірибесі болғаны дұрыс. Тергеу фактілерді толықтай анықтауға және мәселен:

- a) фактіні анықтау үшін сауал салу;
- b) барлық сәйкес құжаттарды және өзге де куәліктерді бірге қосу;
- c) куәгерлер жауабын алу;
- d) мүмкін болған және мақсатқа лайық жерде жағдай туралы жазбаша түрде және

жазған адамның қолы қойылған есепті сұрату арқылы барлық қажетті куәліктерді жинауға тиіс.

А.18.6 Тергеуді және кез келген келесі іс-қимылды тергеуді жүргізу кезінде ұйым мына факторларды назарға алуға тиіс. Мәселен:

- a) қолданыстағы заңнама (заңды кеңес алу қажет болуы мүмкін);
- b) қызметкерлердің қауіпсіздігі;
- c) есепті құрастыру кезінде дискредитация қауіп-қатері;
- d) есеп құрастырған тұлғаларды және осыған тартылған немесе есепте аты аталған

барлығын қорғау (8.9 қараңыз);

e) ықтимал қылмыстық немесе азаматтық жауаптылық, қаржылық жоғалулар немесе ұйым мен жекелеген тұлғалар үшін беделдік залал;

f) билік органына хабарлау үшін ұйым үшін түрткі болған себептер немесе кез келген заңды міндеттемелер;

g) факті анықталғанға дейін оқиғаға және тергеуге қатысты құпиялылықты сақтау;

h) жоғары басшылық үшін қызметкерлерден тергеу барысында толықтай ынтымақтастықты талап ету қажеттілігі.

А.18.7 Тергеу нәтижесі жоғары басшылыққа немесе сәйкестікті қамтамасыз ету қызметіне берілуге тиіс (жағдайға қарай). Егер нәтиже жоғары басшылыққа берілсе, ол сондай-ақ жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестікті қамтамасыз ету қызметіне берілуге тиіс.

А.18.8 Ұйым тергеуді аяқтаған және/немесе шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпарат алғаннан кейін ұйым тиісті шараларды қабылдауға тиіс. Жағдайға және оқиғаның күрделілігіне қарай ол мына тізім ішінен бір немесе бірнеше іс-қимылды қамтуы мүмкін:

a) жобада, мәміледе немесе келісім-шартта ұйымның қатысуын тоқтату, одан шығу немесе өзгерту;

b) кез келген заңсыз алынған төлемді өтеу немесе қайтару;

c) жауапты қызметкерлерге тәртіптік жаза тағайындау (оқиғаның ауырлығына қарай елеусіз бұзушылық үшін ескеруден бастап күрделі әрекеті үшін жұмыстан босатуға дейін өзгеруі мүмкін);

d) билік органына жағдай туралы хабарлау;

e) егер пара алу орын алса, кез келген ықтимал келесі құқық бұзушылыққа қатысты шаралар қабылдау немесе одан құтылу үшін іс-қимыл қабылдау (мәселен, пара есепте қасақана дұрыс көрсетілмеген кезде орын алатын бұрыс есеп берулерді ұсыну, пара алу табстан заңсыз шегерілген салық бұзушылығы немесе табыс қылмыстық қызметтен түсетін ақша жымқыру).

А.18.9 Ұйым осы процедуралардың белгілі бір барабарсыздығы себебінен проблема туындамайды ма екенін тексеру үшін жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процедурасын қайта

ҚР СТ 3049-2017

қарағаны және егер солай болса, процедураны жақсарту үшін дереу және сәйкес шараларды қабылдағаны жөн.

A.19 Мониторинг

Менеджмент жүйесінің мониторингіне мәселен мынадай:

- a) оқытудың нәтижелілігі;
- b) басқару құралдарының нәтижелілігі, мәселен, нәтижені таңдап тестілеу жолымен;
- c) сәйкестік бойынша міндеттемелерді орындау үшін жауаптылық тағайындау нәтижелілігі;
- d) сәйкестіктің бұрын табылған бұзушылығын өңдеудегі нәтижелілік және
- e) ішкі аудит белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайдағы салаларды қамтуы мүмкін.

Сәйкестік көрсеткішінің мониторингіне мәселен:

- сәйкессіздік және «бұзушылыққа алғышарттар) кері салдарсыз оқиға»;
- сәйкестік міндеттемелерін орындамау жағдайы;
- мақсатқа қол жетпеген жағдайлар және
- сәйкестік мәдениетінің деңгейі саласы енуі мүмкін.

Ескертпе

1 Сондай-ақ 19600 қара.

2 Ұйым жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің тиімділігін бағалау үшін кезеңмен өзі тексеру (барлық бөлімді немесе кейбірін) жүргізе алады (9.4 қараңыз).

A.20 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін жоспарлау және өзгерістер енгізу

A.20.1 Бірнеше әдіс көмегімен ұзақ әрі тұрақты негізде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің сапасы мен тиімділігін бағалаған жөн. Мәселен, менеджменттің (9.3 қараңыз) ішкі аудитін (9.2 қараңыз) және жемқорлыққа қарсы нормалардың сәйкестігін қамтамасыз етуді тексеру.

A.20.2 Ұйым жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесін өзгерту қажеттілігін немесе мүмкіндігін анықтау үшін бағалау нәтижесі мен қорытындыны ескергені жөн.

A.20.3 Жүйенің жеке элементтеріне өзгерістер енгізген кезде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесінің тиімділігін сақтауды және жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін бұндай өзгерістердің жүйенің тиімділігіне бірыңғай тұтас ретінде тәуелділігі мен әсерін ескерген жөн.

A.20.4 Ұйым осы жүйеге өзгерістер енгізу қажеттілігін анықтаған кезде, бұндай өзгерістерді мынаны:

- a) өзгеріс мақсаты мен оның ықтимал салдарын;
- b) осы жүйенің жұмысқа қабілеттілігін;
- c) ресурстардың қолжетімділігін;
- d) жауаптылық пен өкілеттікті бөлуді немесе қайта бөлуді;
- e) өзгерістер енгізу деңгейін, көлемі мен уақытша шеңберін ескеріп, жоспарлы іске асырған жөн.

A.20.5 Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесін сәйкессіздікке (10.1 қараңыз) жауап ретінде қабылданған шаралар нәтижесі ретінде жақсартуды А.20.4 сипатталған тәсілге сәйкес іске асырған жөн.

A.21 Жария лауазымды тұлғалар

«Жария лауазымды тұлға» термині (3.26) көптеген жемқорлыққа қарсы заңнамалық актілерде кең ауқымда анықталады.

Мына тізім жан-жақты болып табылмайды және барлық үлгілер кез келген юрисдикцияда қолданылуы мүмкін емес. Өз жемқорлық қауіп-қатерін өңдеген кезде ұйым істес немесе істес болуы мүмкін жария лауазымды тұлғалар санатын назарға алғаны жөн және қандай да бір түсініксіздік жағдайында кез келген заңды қолдау алуға жүгіне алады.

«Жария лауазымды тұлға» түсінігіне мыналар енуі мүмкін:

а) заңнамалық орган мүшелерін атқарушы және сот билігінің лауазымды тұлғаларын қоса алғанда, ұлттық деңгейде, штат/провинция немесе муниципалитет деңгейінде мемлекеттік лауазыммен айналысатын тұлғалар;

б) саяси партиялардың лауазымды тұлғалары;

с) мемлекеттік лауазымға үміткерлер;

д) министрлік, үкіметтік мекемелер, әкімшілік сот және қоғамдық кеңес қызметкерлерін қоса алғанда, мемлекеттік қызметшілер;

е) Дүниежүзілік банк, БҰҰ, Халықаралық валюта қоры және т.б. сияқты халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғалары;

ф) сәйкес нарқыта кәдімгі коммерциялық негізде жұмыс істейтін кәсіпорындарды, яғни жеке кәсіпорындармен тең, жеңілдік субсидиясы және басқа да артықшылығы жоқ кәсіпорындарды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындар қызметкерлері.

Көптеген юрисдикцияда жария лауазымды тұлғалардың туыстары мен жуық тұлғалар да жемқорлыққа қарсы заңнама шеңберінде жария лауазымды тұлғалар ретінде қарастырылады.

А.21 Жемқорлыққа қарсы бағдарламалар

Осы құжаттың талабы болып табылмаса да, ұйым оның қызметіне қолайлы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үздік практикамен таныстыратын немесе соған ықпал ететін кез келген салалық немесе өзге де жемқорлыққа қарсы бағдарламаларға қатысуын немесе ұсыныстарын қабылдауын пайдалы деп есептеуі мүмкін.

Библиография

- [1] ISO 9000, Сапа менеджментінің жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік
- [2] ISO 9001, Сапа менеджментінің жүйесі. Талаптар
- [3] ISO 19011, Менджмент жүйесінің аудиті бойынша басшылық нұсқаулар
- [4] ISO 14001, Экологиялық менеджмент жүйесі. Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулар
- [5] ISO/IEC 17000, Сәйкестікті бағалау. Сөздік және жалпы принциптер
- [6] ISO 19600, Сәйкестікті басқару жүйесі. Басшылық нұсқаулар
- [7] ISO 22000, Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджментінің жүйесі. Тамақ өнімдерін өндіру және тұтыну тізбегінде барлық ұйымдарға қойылатын талаптар
- [8] ISO 26000, Әлеуметтік жауаптылық бойынша нұсқаулық
- [9] ISO/IEC 27001, Ақпараттық технологиялар. Қорғауды қамтамасыз ету әдістері. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйелері. Талаптар
- [10] ISO 31000, Қауіп-қатер менеджменті. Принциптер және басшылық нұсқаулар.
- [11] ISO Guide 73, Қауіп-қатер менеджменті. Сөздік
- [12] ISO/IEC Guide 2, Стандарттау және қызметтің аралас түрлері. Жалпы сөздік
- [13] BS 10500, Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің спецификациясы
- [14] Жемқорлыққа қарсы БҰҰ конвенциясы. Нью-Йорк қ., 2004 ж. http://www.unodc.org/documents/treaties/UNCAC/Publications/Convention/08-50026_E.pdf сайтында қолжетімді
- [15] Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Халықаралық іскерлік транзакцияға және сәйкес құжаттарға қатысатын шетелдік мемлекеттік қызметшілердің жемқорлықпен күрес бойынша конвенциясы, Париж қ., 2010 ж.
- [16] Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Ішкі бақылау, этика және талаптарға сәйкестік бойынша нұсқаулықтың дұрыс әдістері, Париж қ., 2010 ж.
- [17] Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Халықаралық іскерлік транзакцияға қатысатын мемлекеттік қызметшілердің жемқорлықпен күрес бойынша конвенциясы, қараша 1997 ж.
- [18] БҰҰ ғаламдық шарты/халықаралық транспаренттілігі, Жемқорлықпен күрестің 10 принциптіне басшылық нұсқаулар, 2009 ж.
- [19] БҰҰ және RESIST халықаралық сауда палатасы, халықаралық транспаренттілік, Халықаралық экономикалық форум және ғаламдық шарты: Халықаралық транзакция жүргізген кезде жемқорлық сипатты іс-қимылға кедергі және бас тарту бағдарламасы. Қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру үшін компаниялар пайдаланады, 2010 ж.
- [20] Халықаралық сауда палатасы, жемқорлықпен күрес ережесі, Париж қ, 1011 ж.
- [21] Халықаралық транспаренттілік, жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың іскерлік принциптері және соған сәйкес құралдар, Берлин қ., 2013 ж.
- [22] Халықаралық транспаренттілік, жемқорлық жағдайларды түсіну көрсеткіші
- [23] Халықаралық транспаренттілік, пара алушылар көрсеткіші
- [24] Дүниежүзілік Банк, Басқарудың әлемдік көрсеткіші
- [25] Халықаралық ұжымдық басқару желісі, Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістері бойынша МСКУ өтінімі және нұсқаулары, Лондон қ., 2009 ж.
- [26] Халықаралық экономикалық форум, қарсы іс-қимыл үшін жемқорлық принциптерімен күрес бойынша ынтымақтастық, Халықаралық транспаренттілікпен және Базель басқару институтымен ынтымақтастықта форум бастамасы, Женева қ.
- [27] Трэдуэя комиссиясының демеуші-ұйымдар комитетін ішкі бақылау жүйесі – танылған жүйе, мамыр, 2013 ж.

Ескертпелер үшін

БИНИИН: 050840002271
№ счета на оплату: 25970

Дата выдачи: 28.11.2019

Наименование: ТОО "Национальный центр аккредитации"
Выдан документ РГП на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

БИНИИН: 050840002271

№ счёта на оплату: 25970

Дата выдачи: 28.11.2019

Наименование: ТОО "Национальный центр аккредитации"

Выдан документ РГП на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

ӘОЖ 3.07.32

МСЖ 03.100.01 (IDT)

Түйін сөздер: жемқорлық, жемқорлыққа қарсы, пара, паралау, жемқорлық қауіп-кәтер, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ

Требования и руководство по применению

СТ РК 3049-2017

((ISO 37001:2016 Anti-bribery management systems -- requirements with guidance for use, IDT))

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

БИЛГИИН: 050840002271

№ счета на оплату: 25970

Дата выдачи: 28.11.2019

Наименование: ТОО "Национальный центр аккредитации"
Выдан документ РПТ на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН РГП «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом председателя Комитета технического регулирования и метрологии от 16 ноября 2017 года № 318-од.

3 Настоящий стандарт идентичен международному стандарту ISO 37001:2016 «Anti-bribery management systems» (Системы менеджмента борьбы со взяточничеством. Требования и руководство по использованию).

Международный стандарт ISO 37001:2016 был разработан Техническим комитетом ISO/PC 278 «Антикоррупционные системы управления».

Перевод с английского языка - (en).

Степень соответствия – идентичная (IDT).

4 В настоящем стандарте реализованы нормы Закона РК «О техническом регулировании» № 603 от 9 ноября 2004 года, «Об языках» № 151 от 11 июля 1997 года

**5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

2024 год
5 лет

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации Республики Казахстан», а текст изменений - в ежемесячных информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (отмены) или замены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Термины и определения	2
4	Контекст организации	6
5	Лидерство	8
6	Планирование	10
7	Обеспечение	11
8	Функционирование	15
9	Оценка результатов деятельности	19
10	Улучшение	21
	Приложение А	23
	Библиография	48

БИНИИН: 050840002271

№ счета на оплату: 25970

Дата выдачи: 28.11.2019

Наименование: ТОО "Национальный центр аккредитации"
Выдан документ РГП на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

Введение

Коррупция – это широко распространенное явление. Оно вызывает серьезные моральные, экономические и политические проблемы, мешает надлежащему управлению, препятствует развитию и извращает конкуренцию. Оно также разрушает правосудие, подрывает права человека и препятствует помощи нуждающимся. Это явление увеличивает затраты на ведение бизнеса, вводит неопределенность в коммерческие отношения, увеличивает стоимость товаров и услуг, снижает их качество, что может привести к потере собственности и жизни, разрушает доверие к институтам и препятствует честной и эффективной деятельности на рынке.

Правительства добились прогресса в противодействии коррупции посредством международных соглашений, таких как Конвенция о борьбе с подкупом иностранных должностных лиц при совершении международных коммерческих сделок Организации Экономического Сотрудничества и Развития, Конвенция ООН против коррупции, а также принятием своих национальных законов. В большинстве юрисдикций участие в коррупции является преступлением для конкретного человека и есть растущая тенденция обязать и организации, подобно людям, нести ответственность за коррупцию.

Однако одного только закона недостаточно, чтобы решить эту проблему.

Следовательно, организации несут ответственность за активный вклад в противодействие коррупции. Этого можно достичь системой менеджмента противодействия коррупции, которую предполагает обеспечить настоящий стандарт, обязательством руководства формировать корпоративную культуру, основанную на честности, прозрачности, открытости и согласии. Эти особенности корпоративной культуры – критически важный фактор успеха или неуспеха системы менеджмента противодействия коррупции.

